

## Құдай мен үшін мәңгілік өмірді қалады

### Мазмұны

Құдай маған арнайы үн қатады .....	3
Иса Құдай Ұлы аталды .....	20
Тәнір (Тухан) деп аталды .....	25
Мәсіх іліміндегі бір Құдайға сенушілік (таухид) .....	35
Құдайдың Үшбірлігі .....	40
Иса Мәсіхтің өлімі мен Оның қайта тірілуі .....	45
Киелі кітаптың ақиқаттығы .....	62
Бұл дүниенің ықпалына қарсы менің куресім туралы .....	70

## ҚҰДАЙ МАҒАН АРНАЙЫ ҮН ҚАТАДЫ

Мен белсенді мұсылман едім, «Мұхаммедия» қозғалысының ұйымдастырушысы және исламның уағызшысы, болдым.

Мені 1974 жылы Амунтай қаласындағы Калимантан мұсылмандары Конгресінің Тәрағасы етіп, К. Х. Идхам Залидтің орнына сайлады. Ал 1950–1951 жылдары мен «Банжармасин» аймағындағы әскердің мұсылман дін қызметкери болдым, сейтіп маған «каға лейтенант» әскери атағы берілді. Менің мақалаларым «Мингган Эдил» (Солоу қаласы) «Мингган Риселех» (Жакарта қаласы) және «Мингган Энти Комунис» (Банунг қаласы) сияқты мұсылман журналдарында басылды. Мен Мәсіхшілерге қарсы агресивтік қозғалысқа қатыстым. Осылай, 1936 жылдан бастап мен «Муара Тевех» қозғалысына (Берито провинциясы) қатыстым да, 1962 жылға дейін бүкіл Индонезияда ислам зандарын орнатудың көздейтін осындағы қозғалыстарды қолдадым, бұл мені дағдылы түрде Мәсіхшілерге қарсы тұруышылтықа алып келді.

Шынында Киелі кітап менде 1936 жылдан бері бар еді. Алайда мен оны ақиқатты табу үшін оқымайтын едім, тек одан мәсіхшілерге қарсы пікірімді ашық көрсететін, мұсылман ретіндегі менің көзқарасымды нығайтатын жерлерді ғана іздестіретінмін. Мұның өзі маған Мәсіх жолын қуушылар дініне қарсы неғұрлым нәтижелі куресуге мүмкіндік берді.

Мен 40 жыл бойы Мәсіхтің атына нұқсан келтіріп, Оның Құдайллығын толығымен теріске шығардым.

Мен ақиқатты саналы түрде бұрмалап, мойындағамадым. Алайда Құдай сүйіспеншілігінің ұлылығы соңшалық, Ол мені іздел тауып, құтқарып алды.

1962 жылды мешіттегі өзімнің уағыздарымның текстін дайындалған жүріп, «Ыңғылчы» (Маъида) суресінің 68 аяты тәнірегінде терең ойға баттым, онда:

«Былай деп айт: Ей, Жазбаның адамдары! Тікелей Таураг пен Інжілді және Тәңірлеріңнен сендерге түскенді (ашылғанды) қалыптастырымай сендер еш жерде бөгелмендер», – делінген.

Мен бұл аятын жүздеген рет оқыдым, бірақ ақырында, Құдай: «Құранда айтылған Таураг пен Інжіл Киели Кітапқа қазір де бар дәл сол Таураг пен Інжіл», – деп жүргегіме сыйырлады. Мен әрдайым Құранда айтылған Таураг пен Інжіл сақталмаған, ал олардың мазмұны Құранда бар, – деп ойлайтынмын. Киели кітапты құрайтын Таураг пен Інжілдің жалғандығына мен сенімді едім, бұлардың алғашқы мазмұны бұрмаланған, дұрыс құралмаған немесе оған кейбір адамдар қосқан деген ойда болатынмын.

Сейтіп, міне Киели Кітапты құрайтын Таураг пен Інжілдің ақиқат екендігін маған рух ашып берген күн де туды. Бірақ менің санама: «Жоқ! Киели Кітапта жазылған Таураг пен Інжіл бұрмаланған», – деген басқа бір дауыс өсер етті. Менің ойым менің рухым мен ар-ұяттыма қайшы келді, мен енді күмәндانا бастадым. Шындық қайда екен?

Өзімнің ар-ұяттыммен татуласу үшін мен бұл жайында Құдайдан тұн ортасы кезіндегі намазда (тажхуд намаз) сұрадым; осы қызмет кезінде Құдайға дұға етіледі, бұл дұғада діндар Жаратушыдан ақиқат жөнінде айқын белгілерді (нышандарды) сұрайды. Мен Құдайдан осы екі діннің қайсысы ақиқат екендігін ашып беруіне көмек сұрадым. Міне, мен Құдайға былайша дұға еттім:

«О, Құдай, көкпен жердің Жаратушысы, мұсылмандардың, буддистер мен Мәсіх жолын қуушылардың Құдайы, ай мен жұлдыздардың, тау мен аңғарлардың Құдайы, әлемнің Құдайы, Құранда айтылған Таураг пен Інжілге қатысты шындықты ашып берші. Қазір біздің қолымызда жоқ, алғашқы Таураг пен Інжіл шынымен Құрандаған жазылған ба? Егер шындық осы болса, онда Сенен жалынып сұраймын, менің Құдайым, Киели Кітапты бұдан былай менің ешуақытта оқымауым үшін жүргегімді орнықтыр. Бірақ, егер Құранда айтылған «Таураг пен Інжілдегі ақиқат» сөзі, қазіргі Киели кітапта жазылған ақиқатты білдірсе, онда Сенен мынаны бас иіп сұраймын: менің Киели кітапты адаптацияның үшін менің жүргегімді ашып бер».

Мен шешім қабылдауда ешкімнен жәрдем сұраған жоқпын. Бұл жайында уағызшыдан да, терең діндар мұсылманның да, менің ақылды да, зиялды достарымнан да, сұраған жоқпын. Мен тікелей бәрін білетін Құдайдан сұрадым, Оның маған ақиқатты ашып беруі үшін әрі Оның Құдайлық құдіретіне сәйкес дұрыс шешім қабылдай алуым үшін. Мен әрдайым күшті тілекпен дұға етіп, тек Оның маған шындықты ашуын, дұрыс дінді тауып, тәубеге келуім үшін, Құдайдың нұсқауына адаптацияның үміт арттым.

Әрбір діндар өлгеннен соң ол дүниелік өмір болады, деп сенеді. Діндарлардың бірі болып, мен де Құдайға толық үміт арттым. Мен өлгеннен кейінгі біздің бара алатын тек екі жер бар екеніне сенетінмін: жаһаннам (шексіз жазалау мен мәңгілік оттың ордасы – дозақ) немесе Құдаймен мәңгілік даңқта бірге бола алатын – жаннат. Мәңгіліктегі менің күтіп тұрған болашағым туралы мен жеңіл ойлай алmas едім.

Мысалы, 10 грамм таза алтын сатып алдық дейік. Біз оны мұқият зерттеп, біздің болашақта мазасыздандымызға себеп болмауы үшін, өзімізді ешкімнің алдамағанына көзімізді жеткізуіміз керек. Ал біздің жаһаннамыздың болашағына қатыстының бәрін, қаншалықты терең әрі мұқият ойлап алғанымыз жөн. Сондықтан біздің дініміздің Құдай еркіне сәйкес, қаншалықты ақиқат екендігін зерттеп, тексеруіміз керек, өйткені Ол көктегі өмірдің иесі. Олай болмаса, біздің жастық шақтағы бейқамдығымыз үшін болашақта өкінуімізге тұра келеді. Жаннат пен жаһаннамды Құдайдың өзінің жаратқанына мен әрқашан да сенімді едім. Дәл сол үшін, мен адамдардан – Мәсіх жолын қуушылардан да, мұсылмандардан да ақыл сұраған жоқпын. Өйткені олар – кәдімгі адамдар, Құдай еркіне сәйкес ашылған асыл қазынаны ақиқатты білмейді. Мен бұқіл ақиқаттың иесі Құдайға тікелей жүгіндім, Одан үмітпен сұрап, Оның маған дұрыс нұсқау мен бағыт беретініне, сендейм. Менің барлық дұғамды қабыл алғаны үшін, мен Құдайды мадақтаймын! Сейтіп мен жауап алдым. Мұның өзі Құдай Өзінің ақиқатын біздің білуімізді қалайтынын әрі бұл жайында адаптацияның үміт ашып беретінін дәлелдейді.

Айтып өткен жөн, сондай-ақ «Ыңғылчы» (Маъида) суресінің аятынан басқа Құраннан мен өзіміе күшті өсер еткен көптеген өзге аятарды таптым. Міне, мысалы, мына аяты алайық: «Сәждे» суресі, 23 аят:

«Міне біз Мұсаға кітапты бердік – шүбесіз қабыл ал!...»  
Ал міне «Ырзық» (Маъида) сүресінің 46–аятында былай жазылған:

«Біз олардың (өткен пайғамбарлардың) ізінен Мариямның ұлы, Исаңы жібердік, оған дейін Тауратта жіберілгеннің ақиқаттығының дәлелімен, әрі біз Оған нұсқау мен тұра жол кітабы Інжілді бердік. Оған дейін Тауратта жіберілгеннің ақиқаттығының дәлелдеп және Құдайдан қорқандарға нұсқау мен өсінет беру үшін». Немесе «Ырзық» (Маъида) сүресінен 47–аятты алайық:

«Інжілдің иелері Алланың сонда жібергені бойынша билік жүргізсін. Ал кім Алланың жібергені бойынша билік жүргізбесе – сол азғындыққа берілген»

«Басқара» сүресінің 62–аятында жазылғанды еске түсірейік:

«Ақиқаттында, сенгендерге және яһудиліктің, Мәсіхтің, сабилердің жолына тұскендер мен Аллаға иман келтіргендерге, қияметқайым болатынына сеніп, иғі іс істегендерге – олардың Тәнірінен сый даяр, олардың үстінде қауіп–қатер жоқ әрі оларда қайғы–қасірет болмайды».

Құраннан басқа да көптеген мысалдар алып көрсетуге болады, онда: Тауrat пен Інжілдің, Құдай еркіне сәйкес, шындыққа жеткізетін ақиқи жол екендігі көрсетілген. Алайда Құранның бұл аяттары Киелі Кітапты одан да терен оқып үйренуге ықылас берді, өйткені Киелі Кітаптың ақиқат екендігі туралы Құдай менің жүргіме сыйырлаған еді.

Келесі күні, өзімнің тұн ортасы кезіндегі намазымда, Құдайдың маған шындықты ашып біреуін сұрағанымнан кейін, мен өз жүргімде анық өзгерістер байқадым. Осы сәттен бастап, мен Киелі кітапты өзімнің жауым емес, досым деп санадым. Сол таңда мен Киелі Кітапты абыржы қолға алып, онда жазылған әрбір сәзді зер сала оқыдым, өйткені маған ешбір бұрмалаусыз ақиқатты білу керек еді.

«Қайырымды, рахымды

Алланың атымен!», –

Деп мен Киелі Кітапты аштым. Менің «Киелі Занды қайталап жариялау» (18:15) кітабын тағы да оқып шыққым келді. Бұрын мен өзімнің уағызшылармен немесе інжілшілермен әңгімемде бұл аятқа жиі сүйеніп, олардың дінін қуирететін балға ретінде қолданатынмын. Сол кезде менде, оларды мұсылман дініне қарату, Киелі Кітаптың осы аятында айтылғандай, Мұхаммедті пайғамбер деп мойындастып, оған сендеру ниеті бар еді. Мен бұл аятты жақсы білетін едім, бірақ енді оның мәні мен үшін мұлде басқаша болды. Шынында да, Киелі Кітап оған сенбегендер үшін жабық әрі олардың қабылдауы үшін күрделі бірақ, екінші жағынан, біз қалай оған сенісімен және біздің жүргіміз Киелі Рухқа бөлениген жағдайда, оны жеңіл түсінуге болады.

Міне, бұл сәздер мынадай (Киелі занды қайталап жариялау 18:15):

«Мені пайғамбар еткендей – Тәнір, сенің Құдайың, сенің ортаңнан, сенің бауырларыңың арасынан саған пайғамбарды шығарады, – Оны тыңдаңдар...»

Бұрын мен бұл аятта Мұхаммед пайғамбар туралы сәегейлік айтылған, деп жорамалдайтынмын. «Мені (Мұсаны) пайғамбар еткендей... пайғамбарды», – деген сөз, маған дәл Мұхаммедтің өзі уәде етілген пайғамбар дегенді нұсқайтын еді. Міне мен бұның пайдасына қандай дәлелдер келтіремін:

Мұсаның әкесі мен шешесі болды: Мұхаммед те Мұса сияқты әке мен шешеден тууылды. Ол Иса Мәсіх сияқты әкенің қатысуынсыз, тек анадан ғана туылған жоқ.

Мұса есейген кезде үйленді. Еркін болған және ешуақытта үйленбеген Иса Мәсіхке қарама–қарсы, Мұхаммед те үйленді.

Мұса қартайғанша өмір сүріп, жерленді: Мұхаммедпен де осылай болды. Бірақ Иса Мәсіх жерленген жоқ. Ол үшінші күні қайта тіріліп, көкке тірідей көтеріліп кетті.

Бұрын мен үшін Киелі Занды қайталап жариялау кітабындағы 18:15 аят Мұхаммедтің Мұса уәде еткен пайғамбар екеніне анық дәлел еді. Бұнда Иса Мәсіхтің болашақта келетін пайғамбар әрі Мәсіх жолын қуышылар дініне сәйкес Оның Құдай Ұлы екендігі туралы ешнәрсе айтылмаған.

Бірақ осы күні мен бұл сөздерді баяу әрі дұрыс оқып, сөздердің ақиқи мәнін түсінуге әрекеттендім. «Мені (Мұсаны) пайғамбар еткендей пайғамбарда» деген сөзді тағы да оқи бастағанымда Киелі Рух менің жүргіме былай деді: «Егер сен Мұхаммед пен Мұсаның арасындағы ұқсастықты олардың екеуінің де ата–аналарының бар екеніне тапсан, онда олар бұндай белгілер бойынша басқа адамдардан ешбір айырмашылығы жоқ – барлық адамдар да өздерінің белгілі ата–аналарынан туылған». Сол себептен бұндай сипаттамалар бойынша пайғамбарлықтың ақиқаттығын анықтауға болмайды. Оның үстіне егер Мұхаммедтің Мұсаға ұқсай белгісі, оның да Мұса сияқты үйленінде болса, онда олардың екеуінің де дүние жүзіндегі барлық басқа адамдардан айырмашылығы жоқ! Сонымен, бұндай сипаттаманы Мұхаммедтің пайғамбарлығына дәлелдеме ретінде пайдалануға болмайды.

Егер де Мұхаммедтің балалары болғандықтан оны, Мұсаға ұқсайды деп санасақ, онда мұны да пайғамбарлықтың ақиқаттығына дәлелдеме ретінде пайдалануға болмайды: дүние жүзіндегі өмір сүретін адамдардың көпшілігінің балалары бар.

Мұхаммед те Мұса сияқты қартайғанша өмір сүрді әрі жерленді. Егер мұны оған айтылған пайғамбарлықтың ақиқаттығына дәлел ретінде пайдаланатын болсақ, адам өлуі әрі жерленуі тиіс. Иә, әрбір адамды өләм мен жерлену күтіп тұр, бұндай белгілер бойынша біреудің артықшылығын айтуға болмайды.

Мұса айтқан пайғамбарлықтың тек Иса Мәсіхке, уәде етілген Мессияға қатысты екендігі, маған үсті–үстіне айқындала түсті. Осы себепке орай, мен Мұса мен Иса Мәсіхтің арасындағы бірнеше бірігей және әдеттен тыс ұқсас қасиеттерді таптым. Шындығында маған тек Мұса мен Исаға ғана тән, бірақ басқа адамдарда болмаған, мынадай ғажайып қасиеттерді аңгарудың сәті түсті:

- Мұсаның нәресте кезінде Мысыр перғауыны оны өлтіру қаупін туғызды: сондай–ақ Ирод та нәресте Исаны өлтірмекші болды. Әрбір адамға нәресте кезінен–ақ өлтірілу қаупі тұа бермейді.
- Мұса туылғаннан соң перғауын қатты ашуланып, екі жасқа толмаған барлық нәрестелерді өлтіруге жарлық берді. Иса туылған кезде де Ирод патша қаһарланып екі жасқа толмаған барлық нәрестелерді өлтіруді бұйырды.

Жер бетіндегі барлық адамзаттың ішінде осы екі тұлға ғана соншалық қатал қуғынға ұшырап, балалық шағынан–ақ сол кездегі күштілерге жек көрінішті болды.

– Мұсаны нәресте кезінде перғауынның қызы қорғады. Нәресте Иса – Жұсіптен, өзінің асырап алған әкесінен қорғаныш тапты. Әрбір адам өзіне нәрескезінде тәнген елеулі қатерден Құдай таңдаған адам арқылы қорғаныш тапты. Әрбір адам өзіне нәресте кезінде тәнген елеулі қатерден Құдай таңдаған адам арқылы қорғаныш таба бермейді.

– Балалық шағынды Мұса өз отанынан алыс жерде, Мысырда өмір сүрді. Балалық шағы Мысырда қуғында өткен Иса туралы да осыны айтуға болады. Барлық адамдар да осынша алыс елге (Мысырға) қашуға әрі онда балалық шағын өткізуға мәжбір бола бермейді.

– Мұса Тәнірдің елшісі болған кезде Құдайдан күш алып, кереметтер жасады; Иса Мәсіх те Құдайдың тірі Сөзі болып, осылай істеді; Ол Құдайдан күш алып, ауруларды сауықтырып, өлілерді тірілтті.

– Мұса Израиль халқын Мысыр құлдығының бұғауынан азат етті.

Бұл тамаша дәлелдемелер мағанмынадай тұжырымға келуге мүмкіндік берді: «Киелі Занды қайталап жариялау» (18:15) кітабындағы ғажайып пайғамбарлық, Мұхаммед уәде етілген пайғамбар деген болжамға негіз болмайды, керісінше Өзін тәнде алып келген Құдайдың тірі Сөзі ретіндегі Иса Мәсіхке нұсқайды.

Киелі кітаптың ақиқат Құдай Сөзі екенін анық ұғынуға мүмкіндік берген, Құдай сүйіспеншілігі қаншалық ұлы болғанымен, мен ешқандай Мәсіх ілімін қабылдай алмадым. Неліктен? Себебі мен Мәсіх жолын

қуушылар дінінің барлық қағидаларын, әсіресе Иса Мәсіх – Құдай Ұлы дегенді қабылдамадым. Мен бала кезімнен–ақ мынадай қағидаларды білетінмін, кейін басқаларды да соған үйреттім.

« Құдай бала тумайды әрі

Әзі де туылмаған».

Мен Исаңың Тәңір (Тухан) болғандығын қабылдай алмадым, ейткені мені осыған үйреткен еді, ал кейіннен мен де басқаларды мынаған үйреттім:

## «АЛЛАДАН БАСҚА ЕШБІР ӨЗГЕ ҚҰДАЙ ЖОҚ»

Сол сияқты Киелі Үшбірліктің мәнін де түсіне алмадым. Әйткені маған былай деп үйреткен:

«Алла – үшеудің үшіншісі деп айтатындар, «дінсіздер» немесе «пұтқа табынушылар».

Мен Исаңың шын мәнінде айқыш ағашта өлгені туралы Мәсіх жолын қуушылардың діни қағидасын қабылдай алмадым. Егер Иса немесе «Иса Мәсіх» пайғамбар болса, Құдайдың сүйікті, сенімді елшісі немесе Мәсіх жолын қуушылардың айтуы бойынша «Құдайдың Ұлы» болса, онда еврейлер қалайша Она жайдан – жай азаптан, Оның жаны шыққанша айқыш ағашқа асып қойды? Оның жаны шыққанша айқыш ағашқа асып қойды? Неліктен Құдай Мәсіхті қорғамай, Оның айқыш ағаштағы өліміне жол берді? Айталық, егер менің баламды қинап немесе айқыш ағашқа асқанын көрсем, ешбір шүбесіз кедергі жасап, тіптен ертеңгі күнімді де ойламай, ол адамдармен төбелесуге де баар едім. Қалайша, Алла еврейлердің үстінен Өзінің билігін жоғалтып алғаны ми? Сөйтіп мен бұл сәтте барлық ақиқатты ешбір ұғына алмадым.

Жоғарыда келтірілендердің түсінігін тауып, ұғыну үшін мен кейбір уағызшылармен немесе інжілшілермен кездесіп, олардан мынаны сұрадым: Иса Мәсіх неліктен Құдай Ұлы (Тухан), деп аталағы және Киелі Үшбірлік ұғымының мәні неде? Мені мына жағдай қызықтырды: Құдайдың Ұлы, Иса неге айқыш ағашқа өлді және еврейлер Оны неге айқыш ағашқа керді. Сол сияқты мен олардан, менің пікірімше Құдай үшін әділетсіз жаза болған «Әкенің күнәсінің өз балаларына тұқым қуалап өтуі» туралы түсінікті сұрадым.

Мен кездескен уағызшылардың бәрі де менің сұрақтарыма егжей–тегжейлі әрі толық жауап берді, бірақ олар өздерінің қарастарын өте дәлелді айтқанымен, мен олардың түсіндірмелерін қабылдай алмадым. Ия, біз әр түрлі ортада және әртүрлі жағдайларда өстік, біздің сеніміміздің арасында терең тұнғырық бар. Біздің діндеріміздің арасындағы айырмашылық әзірше жеткілікті түрде толық зерттелмеген. Сондықтан жекелеген нанымдар арасынан ортақ қағидалар табу қыын. Әрине, бізге сенімсіздік пен түсінбеушілік тұнғырықын жою үшін діндер арасындағы айырмашылықты зерттеп, қысындық өзара байланыстарды табу керек. Бұл сәтте мені радиотындаушыға, сонымен бір мезгілде, өзінің хатын жіберіп отырған уағызшыға ұқсатуға болар еді. Екеуі де дұрыс жұмыс істеді, бірақ әрқайсысының өз «хабар тарату толқыны» бар: хатты жіберу үшін және оны тыңдаушының қабылдауы үшін тіптен басқа ағым қүшімен ерекшеленетін толқын керек. Онсыз тыңдаушы радио бойынша хабарлаушының даусын есіте алmas еді.

Уағызшылар мен інжілшілердің түсіндірмелі менің сол құлағымнан кіріп, сол сәтте менің он құлағымнан шағып кетіп жатты. Мәсіх жолын қуушылардың ұғымының негізін толық қуаттамағандықтан олар менің жүргегіме қонбады. Уағыздаушы да менің жүргімнің тереңіне толығынан еніп, менің тәрбиемнің өзгешелігін түсіне алмады, сондықтан да оны түсіндірмесі менің күткеніме сәйкес келмеді, Мұндай жағдай уағызшының дәлелдері қате болғандықтан туындалап отырған жоқ. Мынаны еске алайық: менің өмірге түсінігім, ойлау қабілетім мен дәлелдерім уағызшының өмірі мен ойлау қабілетінен мүлде өзгешееді, осы себептерге байланысты біз бір–бірімізді түсіне алмадық. Осыған қарамастан, мен үмітімді үзбедім. Құдайдың маған ақиқатты табуыма көмектесетін күні келетініне, мен сенімді едім. Құдай расында шындықты тануға есікті кеңінен ашады әрі құтқарылу жолындағы маған бөгет болған барлық мәселелерді толық ұғынуым үшін, өзінің қүшін жеткілікті береді. Мен үнемі мынадай сөздерді айтып, дұға ететінмін. «Құдайым менің, мен Сенің, Иса Мәсіхке қатысты. Құдай Ұлы деген сөз берен «Тәңір» (Тухан) деген есім туралы шындықты ашып беруді сұраймын. Сондай–ақ Киелі Үшбірліктің мәнін, ері Тәңірдің айқыш ағаштағы өлімінің сырын беруінді Сенен өтініп сұраймын. Құдайым менің, Киелі Кітаптың Сенің Кітабың екенін ұғынуым үшін маған рухани күш берші. Құдайдың Сөзі болып

табылатын, дүниенің жаратылышынан бастап, бұғаңғы күнге дейін, бұдан былай да мәңгілікте әрі өмірдің соңына дейін еш уақытта да өзгермейтін, Киелі Кітапты тану жолындағы барлық кедергілерді жойып, шындал түсіндірші...». Сөйтіп Құдай дүғамды естіп, бұны іске асырды!

Құдай маған бірнеше рет Өзінің Рухы, менің жүргегімде жұмыс істеген, Киелі Рух арқылы көмектесті. Бұдан әрі мен, Құдайдың пайда болған кедергілерді жоюға қалай көмектескеніне түсінік беремін.

## ИСА ҚҰДАЙ ҰЛЫ ДЕП АТАЛДЫ

Міне Жохан жазған Інжілде (1:1 және 1:14) былай деп жазылған: «Әуел баста Сөз болған, Сөз Құдаймен бірге болған, Сөз Құдай болған... Сөз адамға айналып, біздің арамызда тұрды. Сонда біз Өкенің Жалғыз Ұлының ерекше ұлылығын көрдік, Оның жаны толған рақымдылық пен шындық еді».

Бұл аятта бізге «Құдай Ұлы» сөзінің рухани мәні ашылып берілген. Иә, «Құдай Сөзі» Иса Мәсіхтің туылу арқылы адамға айналды. Нақ сондықтан Исаны Жоханның бірінші хатында (1:1) жазылғандай, «тірі Сөз» немесе «Өмір сөзі» деп атайды.

Сірә, Иса Құдай Ұлы деп, тек Құдай «Өзінің Сөзінен», көпшіліктің қате пікірде болғанында, тән–мен жан арқылы өмір бергендейтін ғана аталған жоқ, бірақ «Құдай сөзі» Өзін Киелі Рух арқылы Мариямның Ұлы етіп көрсеткендіктен аталды.

Мұхамедтің өзі бұлт аятында ақиқаттығына мыналарды айттып, бірнеше мәрте айғақ берген:

«Иса шындығында Құдайдың Рухы мен Оның Сөзі» (Халис Анас бин Мәлік–Мутиара Халиф, 353 бет).

«Ниса» сүресінің 171–аятынан біз мыналарды оқимыз:

«Шындығында Иса Мәсіх, Мариямның ұлы Алланың Елшісі, Оның Мариямға жіберген Сөзі әрі Ол (яғни Иса) Оның Рухы болады».

Доктор Хазбуллак Бақри өзінің «Неби Иса далам Әл Куаран енз» деген кітабында былай деп жазады: «Иса Пайғамбар Құранның айтуы бойынша «Оның Сөзі» немесе «Қалидай Сөзі» (109 бет). «Иса Пайғамбар «Қалимету Аллах» («Құдай Сөзі») деп аталған, өйткені Ол жүзеге асқан Құдай Сөзі, Иса Пайғамбардың туылуы үшін Мәриямға берілген».

Сонымен, мен осы сәттен бастап құдіктенуді қойдым әрі «Исаны Құдайдың Ұлы», деп қабылдадым, өйткені Ол Құдіретті Құдайдың іске асқан тірі Сөзі еді. Бұрын мен Исаның Құдай Ұлы екендігін мойындаудан бастартатын едім, өйткені мен «Құдай Ұлы» ұғымын биологиялық және адамдық көзқарас тұрғысынан ғана қабылдайтын едім.

Міне, 112–сүреде былай деп жазылған:

Былай деп айт: Ол – Алла – жалғыз, Алла мәңгілік: туған да, туылған да жоқ әрі Оған ешкім теңдес бола алмайды».

Сонымен, «Дінді тазарту» сүресі, оны мұсылман үағызышылары жиі осылай атап жүргеніндей, мен де солай атағанмын, Алланы жалғыз деп атайды және Оған теңдес келетін ешкім жоқ, дейді. Сөйтіп, Құдайдың Ұлы болғандығын теріске шығарады. Бұл – Иса Құдай Ұлы болған, деп пайымдайтын Мәсіх жолына тән дөгматтарға қайшы келеді. Дегенмен де Мәсіх жолын қуушылар Құранның бұл аятын қабылдай алады, өйткені Мәсіх ілімінде еш уақытта да «Құдай Ұл туды» деп, Құранда айттылғандай немесе «велед», деп (бұл сөз адамнан туылған нәресте ұл дегенді білдіреді), биологиялық мәнде айттылған емес. Араб мәсіхшілері немесе «Иbn» сөзін қолдану арқылы ресми турде Исаны «Құдайдың Ұлы», деп атайды. Бұндай аталу бойынша Иса немесе «велед», деп Құранда жазылғандай, кәдімгі адам емес.

Сондықтан, Құдай Ұлы туралы Киелі Кітаптың ілімін жоққа шығаратын Құранда бірде–бір аят жоқ, деп пайымдауға менің хұқым бар, өйткені Құранда «Иbn» сөзі айтылғанда Иса Мәсіх туралы айтылып отырылады. Құран тек Исаңың «велед» мәніндегі Құдай Ұлы болғандығын, яғни Құдай мен Мәриямның арасындағы жыныстық қатынастан туғандығын жоққа шығарады. Біз бәріміз де бұл ұсынысты қабылдамаймыз.

## ИСА ТӘҢІР (ТУХАН) ДЕП АТАЛҒАН

(«Тухан» индонезия тілінде

«Тәңір» дегенді білдіреді)

Исаны неліктен Тәңір деп атаған? Мен неліктен ұзақ уақыт бойы «Иса біздің Тәңіріміз» деп айта алмай келгенімді алдың түсіндірген едім. Сол сияқты мен «Иса Мәсіх Тәңір» деп те айта алмай келдім. Өйткені мен ерте балалық шағымнан:

## «АЛЛАДАН БАСҚА ҚҰДАЙ ЖОҚ»

Дегенге үйрендім әрі басқаларды да осыған үйреттім.

Мүмкін, Иса әдеттегінше адамнан тұмағандықтан, «Тәңір», – деп аталған шығар? Жоқ! Адам ата да адамнан туған жоқ, тіпті оның анасы да болған жоқ, бірақ Адам атана ешқашанда «Тәңір» деп атамады. Немесе бұл Исаңың көптеген кереметтер жасағанына байланысты ма? Жоқ, мұлде бұл себептен емес. Мұса пайғамбар да көптеген кереметтер жасады, бірақ ешқашанда «Тәңір» деп аталған жоқ. Бәлкім, бұл Исаңың алапестерді сауықтырып, өлілерді тірілткеніне байланысты шығар? Тағы да жоқ, өйткені Елисей де алапестерді сауықтырып, өлілерді тірілтпе алды ғой, бірақ оны Құдай деп атаған жоқ. Мүмкін Ол көкке көтеріліп кеткендіктен осылай аталған шығар? Тағы да жоқ, өйткені Илияс пайғамбар да солай көкке көтерілді, дегенмен де «Тәңір» деп аталған жоқ. Енде Иса неліктен «Тәңір» аталды? Исаңың бұлай аталуының себебін, біз Жохан жазған Ізгі хабардан (1:1 және 1:14) оқи аламыз, себебі «Құдай Сөзі» Иса Мәсіхтің туылуымен адамға айналды. Дәл сол себептен Иса «Шын өмір сыйлайтын Сөз» деп аталған (Жоханның 1 хаты) немесе басқа да аятарда айтылғандай «Құдайдың адамдық кейіпке енуі». «Кейіпке ену» сөзін, Құдаймен байланысты айтылатын осыған ұқсас сөздерді, кәдімгі және сөздіктері сөздермен аударуға да, түсіндіруге де болмайды. Мысалы: «Құдай бар – сондай–ақ адам да бар». Құдайға қатысты «бар» деген сөзге қарағанда мұлде басқа мәнге ие болады. Құдай Өзінен–Өзі әрқашан да бар (затваджіб аль–вуджуб). Ол әрқашан да болған, өйткені Ол – мәнгілік, тұрақты, құдіретті, бірақ адам өз тіршілігін жаратылған кезінен бастаған. Өйткені ол, ал одан соң басқа да адамдар жаратылған.

Осы себепке орай, Құдайға қатысты қолданылатын «кейіпке ену» сөзін үйреншікті мағанадағы сөзбен аударуға да қолдануға да болмайды. Сөздікке сәйкес, егер мысық піл кейіпіне енсе, онда ол жоғалып кетеді де, оның орнына піл пайда болады. Егер тас алтынға айналса, (алтынның кейіпіне енсе) онда тас бұдан соң тас болудан қалады. Алайда Құдайға қатысты қолданылатын «кейіпке ену» сөзінің мәні мұлде басқа. Құдайға байланысты кейіпке ену, бар болудан қалды немесе өзгерді дегенді білдірмейді, өйткені Құдай ешқашан да өзгермейді (Малахий 3:6).

Құдай адам кейіпіне енді. Мұның өзі Ол бар болудан қалды немесе осыдан кейін адам болып тіршілік ете бастады дегенді білдірмейді. Мұндай түсінік қате. Құдай ешқашан да өзгермейді. Құдайдың адам кейіпіне ену: «Құдай әрдайым бар, сондай–ақ адам да өмір сүруін жалғастыруда», – дегенді білдіреді. Сонымен, «кейіпке ену» сөзі ұқсастығына қарай біздің қисындық мүмкіндігімізден жоғары тұратын белгілі бір іс пен деректің сипатталуына ұқсас қолданылады. «Кейіпке ену» мәні – оныңөмірде қолданылып жүрген ұғымынан мұлде басқаша екенін ескерте кетеійк. «Құдайдың адам кейіпіне енуі» мынаны білдіреді: Құдай біздің арамызға келіп, Өзін толық ашты. Ол Өзінің күшін, еркі мен адамзатқа деген сүйіспеншілігін осы бір ерекше адамның бойында көрсетті. Сондықтан да біз енді Исаңың

мынадай пайымдауларын түсіне аламыз:

«Әкем Менімен, ал Мен Әкеммен тығыз байланыстамыз» (Жохан 10:38).

«Әкем Екеуіміз бір тұтаспзыз» (Жохан 10:30)

«...Мені көрген кісі Әкені де көрген болады» (Жохан 14:9).

Елші Пауыл былай деді:

«Әйткені Онда (Исада) кемел Құдай толығымен мекен етеді» (Қоластықтарға хат 2:10)

Матай жазған Інжілден Исаның сөздері келтірілген тағы бір аятта (28:18) оқыық:

«...Маған аспанда да жерде де бүкіл билік берілді». Иә, Иса Құдіретті Құдай, барлық жерде болатын мәнгілік ақиқат Құдай.

Елші Пауыл былай айғақ берді:

«Сөйтіп, сендер басшылық биліктің көсемі болған Иса арқылы кемелдікке жетесіңдер». (Қолостықтарға хат 2:10).

Құдай біздің Иеміз, біз Құраннан осы туралы оқимыз:

«Құдай – әлемнің Иесі»

Інжілден біз Құдіретті Құдайдың Исаны әлемнің «Иесі» етіп тағайындағанын оқимыз (Елшілердің істері 2:36). Нақ осы жерде Құдай мен Ие арасындағы айырмашылықты көрсетуге болады: «Құдай» грекше – «Теос», ал арабша – «Алла» деген сөз, бірақ Ие грекше – «Куриос», ал арабшша – «Рабб» болады.

Ие сөзінің мәні мынаны білдіреді: «Ие бүкіл дүниенің үстінен барлық зандық билікке ие болады. Құдайдың бүкіл билігі көптеген жолдармен Иса Мәсіх арқылы көрінеді, атап айтқанда:

1. Әлемнің жаратылуы (Салоникалықтарға арналған 2 хатқа (3:16) сәйкес Ол – әлемнің Иесі).
2. Ол – Бәрінен де Үстем (Лұқа 1:76), яғни Оған жердегі бүкіл билік берілген, Ол адамдарға өмір зандары мен өсиеттер берді, адамзат сол зандар мен өсиеттерге сай өмір сүруі үшін.
3. Иса – Көсем, Бақташы және Билемеш (Ол діндарларға көмектеседі әрі Құдайдың құдіреті болып табылады).
4. Иса – біздің Құтқарушымыз (Римдіктерге хат 11:26), Құтқарушы Құдайымыз (Лұқа 1:47) және біздің құтқарылуымыздың Құрбандығы (Еврейлерге хат 13:10).
5. Біз, барлық діндарлар, Киелі Рухқа кенелуіміз керек (Ефестіктерге хат 5:1), Ал Иса былай деді: «Қайта тірілуді және шын өмірді сыйлайтын – Менмін» (Жохан 11:25).
6. Иса юарлық адамдарды соттайтын әділ соттаушы болады (Елшілердің істері 7:31).
7. «Ол Сенің халқың Израилдің данқы болады» (Лұқа 2:32)

Біз Құдайдың зандарын, Құдайдың құдіреті мен біздің құтқарылуымыз туралы ойлаған кезде, Құдайдың билігін Иса Мәсіхтің жеке басынан табамыз. Оса айтылғандарға орай Исаңы «Құдайдың тірі Сөзі» және «Менің Құтқарушым – Құдайым» (Лұқа 1:47) деп атайды. «Tipi сөз» бола тұрып, Иса шындықты уағыздал, адамдардың құнәсін кешірген кезде, Құдайдың әділдігі туралы ақиқатты дәлелдеді. Сондықтан да Құдай Исаңы «Ие» деп атады (Елшілердің істері 2:36), (Қолостықтарға хат 2:10).

Иса – Оған адамдарды толық әрі сөзсіз құтқару билігі берілгендейтін, Ие бола алады. Иә, Иса – Құдайдың тірі Сөзі», бүкіл әлемнің Құтқарушысы. Иса бізге бұл жөнін де былай деп ескертең: «Әкеге апаратын жол, шындықты көрсетіп, нағыз өмір беретін – Менмін; Құдай Әкеге Менсіз ешкім де бара алмайды» (Жохан 14:6)

Менің Исаны – Ием деп айтуыма бөгет болған кедергілер мен менің айғақтарымды еске түсірейік. Мен Мұсылман болдым, мені мұсылман қағидаларына үйретті. Кейін Мен де басқаларды төмендегі айтылғанға үйреттім:

## «АЛЛАДАН БАСҚА ҚҰДАЙ ЖОҚ»

Сонда мен, мұсылмандықтың мұны шындық деп мойындауының Киелі Кітапқа қайшы келмейтінін білдім. Әйткені Мысырдан көшу (20:3) кітабында: «**Менің алдыымда сенің басқа құдайларың болмасын**», – деп айтылған. Нақ осы себепке орай, мен Исаның құдайлығын түбекейлі мойындағы. Мұхамедтің өзі де Иса Мәсіхтің Құдайдың Рухы мен Оның Сөзі екендігін мойындағы. Елшілердің істерінде (5:31) Иса – Басшы әрі Құтқарушы, Қолостықтарға хатта (2:10) Ол – басшылық пен биліктің Көсемі, ал Жоханның 1–хатында (5:20) Иса – шын Құдай. Бұл жөнінде Құран былай дейді:

«Иса шындығында Құдайдың Рухы мен Оның Сөзі»

## МӘСІХ ІЛІМІНДЕГІ БІР ҚҰДАЙҒА СИЫНУШЫЛЫҚ

(ТАУХИД)

«Таухид» сөзі Мәсіх жолын қуушылар үшін оғаш естіледі, әйткені бұл сөз мәсіхшілер теологиясында сирек қолданылады. Мәсіх ілімінде «таухид» Құдайдың Киелі Үшбірліктең бірлігін түсіндіреді. Киелі Үшбірліктің бірлігі – мәсіхшілер ілімінің негізі. Бұл Мәсіх ілімінің дін қызметкері арасында жиі талқаланды, бірақ мұсылмандар ортасында тұрып, мұсылмандық білім алған біздің бауырларымыздың көпшілігі мұның мәнін мұлде білмейді.

## Жалғыз шын Құдай

Тек жалғыз шын Құдай бар екеніне әрбір мұсылман сенеді. Исламның ғылыми теориясында бұл жақсы белгілі шындық әрі ол еш уақытта да қудік пен өзгеріске ұшырап, немесе тексерілуден шығарылып тасталған емес. Мәсіхшілер дінінде де осылай. Олар жалғыз шын Құдайды мойындағы. Бірақ «Жалғыз шын Құдай» деген ұғым мұсылман және мәсіхшілер ілімдерінде бір түсінікті білдіре ме?

Исламды зерттегенімізде Құдайдың жалғыз екендігі, Құранның «Ықылас» сүресінің 1–аятында, «Бақара» сүресінің 163–аятында, «Маъида» сүресінің 73–аятында және басқа да аяттардың негізінде түсіндіріледі.

Ишая 45:5 «Мен – Жаратушы Иемін, Менен басқа Құдай жоқ...»

Жохан 17:3 «Ал жалғыз шын Құдайды және Мені – Өзің жерге жіберген Иса Мәсіхті тану, бұл – мәңгілік өмір».

Корыннтықтарға арн. 1 хат 8:6 Бірақ біздің барлығын жаратқан жалғыз Құдай Әкеміз бар. Біз де

Соның даңқы үшін жаратылғанбыз және бір ғана Тәніріміз – Иса Мәсіх бар. Барлық нәрсе де сол арқылы жаратылған әрі Соның арқасында біз мәңгілік өмірге ие болдық».

Киелі Кітаптағы осы жерлердің бәрін оқып, шыққаннан соң, мендегі барлық күдік жойылды.

Менің мұсылман кезімдегі жалғыз Құдайға сенімім мен ендігі Мәсіх жолын қуушыға айналған кезімдегі сенімімнен мұлде өзгермегеніне мен енді анық сендім. Басқа сөзбен айтқанда, мен қазір өзімді Мәсіх жолын қуушымын деп санасам да, Құдайдың жалғыздығы мен ақиқаттығын мойындаудан танған емеспін. Керісінше, Мәсіх жолын қуушыға айналған соң мен бұл ақиқатты неғұрлым терең түсіндім. Мен тек Мұхаммедтің пайғамбарлығын теріске шығарады деп ойлайды. Бұл жерде олар жаңылысады. Маған мынаны мәлімдеуге рұқсат беріңіз: Құдайдың жалғыздығы туралы діни қағиданы мұсылман дініне қарағанда Мәсіх ілімінде неғұрлым терең түсіндірледі.

Мәсіх іліміндегі бір Құдайға сиынушылық (Tauhid) Құдай туралы ең таза әрі дұрыс ілім. Бұл мәселені толығырақ қарастырып әрі «көп құдайға сиынушылық» (Ширк) ұғымын үйренейік.

### **Көп құдайға сиынушылық мәселесі**

Исламда көп құдайға сиынушылыққа басты назар аударылады. Бұл мұсылман дініндегі ең маңызды ұғымдардың бірі. Мәсіх іліміндегі Құдайдың бірлігі мен көп құдайға табынушылықты шатыстырmas үшін, біз мұны мұқият түрде зерттеуіміз керек.

Ислам дінінің қағидаларына сай, коп құдайға сиынушылық кешірілмес әрі өлімге алып баратын үш күненің бірі болып табылады. Осы айтылғандарға байланысты, бұл екі дінді нақ осындай белгілері бойынша салыстыруға менің талаптануым сізге түсінікті болар. Мен Мәсіх ілімінде көп құдайға табынушылықтың негіздерінің бары–жоғын әр кез мұқият зерттедім.

Біріншіден, маған Киелі Кітаптан өте маңызды аятты табудың сәті түсті. Онда былай деп жазылған:

«Менің алдында сенің басқа құдайларың болмасын. Көп пен жердегі, судағы нәрселерді бейнелеп, жалған құдай жасама, оларға табынып, қызмет етуші болма. Әйткені Мен Жаратқан Иемін, сенің Құдайыңын. Мені жек корген ата–бабаларының күнәлары үшін балаларын үшінші және төртінші үрпаққа дейін жазалайтын, қызғанатын Құдайын. Ал, Мені жақсы көріп және Менің өснегтерімді орындағандардың мындаған үрпағына қайырымдылық жасаймын» (Мысырдан көшу 20:3–6).

Елші Жохан мынадай сөздерді есімізге салады: «Менің (рухани) балаларым пұтқа (жалған құдай) табынудан сақтандындар» (Жоханның 1 хаты 5:21) «Пұтқа табыну» деген сөздің мағынасына терең үнілейік. Біз ең алдымен «пұт» деген сөзге дұрыс анықтама беруіміз керек. Әрбір мұсінді пұт деп атауға болмайды. Әрбір бағананы пұт дей алмаймыз. Сол сияқты әрбір қабыр үстіндегі ескерткішті немесе тарихи гимаратты пұт деуге болмайды. Егер адамдар осы құрылыстарға қатысты белгілі бір діни жоралғылар жасаса, онда бұл құрылыстар пұт ретінде қаралып немесе пұтқа айналуы мүмкін. Сонда бұл заттар сиынатын немесе құрмет тұтатын орындарға айналады.

Әр түрлі нәрселерді іске асырып, хош иісті заттарды тұтатып және өлген адамдардың рухына сеніп, оларды шақыру үшін әр түрлі жоралғылар жасау арқылы жын–шайтандармен қатынасқа түсіп, тағдырды болжau мен көзбояшылық істері көп құдайға табынудың сансыз үлгілері болып табылады. Киелі Кітапта бұндай жоралғыларға қатысуға болмайды, бұны қолданғандардан аулақ жүріндер, деп анық айтылған. Киелі Заңды қайталап жариялау кітабында (18:10–13) былай жазылған: «Араларында өздерінің балалары мен қыздарын құрбандыққа алып келушілер, сөуегейлік жасаушылар, балшылар, сыйқыршылар, көзбояшылар, өлген адамнан жәрдем сұраушылар болмасын. Әйткені бұндай істерді істеген әркім Жаратқан Иенің алдында жексүрүн, бұндай жексүрүндық істері үшін Құдай Иен оларды жазалайды. Құдай Иенің алдында таза бол».

Сонымен, міне Мәсіх ілімі көп құдайға сиынушылық туралы осылай айғақ береді:

1. Мәсіхшілер діні Құдай жалғыз деп жариялайды. Әрбір мәсіхшілер жалғыз Құдайға сеніп, сиынуы

керек. Бұл шартты бұзу немесе басқа құдайларға табыну ауыр күнә болып табылады. (Лұқа 4:8; Матай 4:10; Киелі Занды қайталап жариялау 6:13; Ешua 24:14 – 15 – аяттарын оқыңыз).

2. Құдайдың жалғыздығындәлелдей отырып, мәсіхшілер ілімі кез–келгентурдегі басқа құдайлардың болуын жоққа шығарады, мысалы: пұт, қандай бір болмасын құрылыс, адамның өз қолымен жасаған заттар, сондай–ақ Каабе (Байтиллах) сияқты қасиетті тастар мен әртүрлі бейнелер және тағы басқалар. Бұндай заттарға табынуға немесе оларды қасиетті деп санауға болмайды. (Мысырдан көшү 20:3 – 5 кітабын оқыңыз).

3. Шынайы Мәсіх жолын қуушы тағдырды болжаушыларға, сиқыршыларға; бой тұмарларға, тіпті олар Киелі Кітаптан жасалса да, сенбеуі керек. Сол сияқты хош иісті заттарды тұтатып, өлген адамдардың рухын шақыруға немесе қууға болмайды.

Діндар жан жын–шайтанның ықпалынан немесе алдын ала сезімнен қорықпауы керек. (Киелі Занды қайталап жариялау кітабын оқыңыз 18:10 – 13).

4. Шын мәсіхші жаман рухтардың ықпалынан, сыйқыршылықтан немесе жын–шайтанның әсерінен қорықпауы тиіс және қорықпайды да. Мәсіхтің күші барлық басқа құштер мен жаман рухтарды женеді, дегенді Киелі Кітаптың көп жерлері айтып өтеді. Ақырында барлық басқа құштер мен жаман рухтардың Тәніріміз Мәсіхке және Оның ізбасарларына бағынуды тұра келеді. (Жохан 14:12 мен Марқа 16 – 17 – аяттарды оқыңыз).

5. Мәсіх жолын қуушылар кейбір заттар (жүзіктегі асыл тастар, малайя қанжарлары, бой тұмарлар мен тағы да басқа заттар) табиғаттан тыс күшке ие деп санамайды. Мәсіх жолын қуушылар мойындастын бірден–бір күш – Құдайдың Рухы, Киелі Рух болады (Римдіктерге жазылған хатты (14:17 – 18) оқыңыз).

6. Қорқыныш пен қауіп–қатер, мазасызданулар мен басқа да тұрмыстағы тауқыметтерді шын діндар дұғасында Құдайдың алдына алып келуі тиіс. Тек Құдай ғана біздің барлық мұқтаждықтарымызды түсініп, біздің дұғамызға жауап береді. (Забурдағы жырлар мен дұғалар жинағы 5:3; Матай 6:25 – 34; Матай 7:7 – 8 аяттарды оқыңыз).

Өлген адамдардың моласына барып табынушы болмандар, олардың қалай аталуына қарамастан, тіпті олар қасиетті пайғамбарлар болса да.

Қымбатты оқырман, мен Мәсіхті уағыздал, Оған сенетінімді және жалғыз Құдайға сиынудағы ең таза әрі лайықты дін ретінде мәсіхшілер дінін қабылдағанымды таза ұжданыммен мойындаі аламын. Бұл дінде рухтарға, пұттар мен адамдардың өздері жасап алған жалған құдайларға табыну жоқ. Мәсіх ілімі тек бір Құдай Әкені және Оның белсенді, тірі Сөзі – біздің Тәніріміз Иса Мәсіхті ғана мойындаиды.

## ҚҰДАЙДЫҢ ҮШБІРЛІГІ

Маған Иса Мәсіхті қабылдауға кедергі болған басқа жағдай Құдайдың үшбірлігі немесе Киелі Үштік еді. Бұл діни қағида мен сияқты көпшілікке бөгет болады. Бұндай бөгеттің болуының себебі көпшіліктің Мәсіх ілімін дұрыс түсінбеуінде.

Мен Киелі Үштіктің шын мағынасы Құдайдың жалғыздығы туралы діни қағидаға (Таухидке) мұлде қарсы келмейтінін байқадым.

«Маъида» (Ырзық) сүресінің 73–аятында былай деп жазылған:

«Алла мен Оның елшілеріне сеніндер және үшеу – дегенді айтпандар!»

«Ақиқатында Алла – тек жалғыз Құдай»

Біздің мұсылман бауырларымыз, Құранның бұл аяттарын, Мәсіх ілімінің Киелі Үштік қағидасын

– Құдайдың үшбірлігін жоққа шығарудың айқын дәлелі ретінде жиі қолданып отырады (Мәсіх ілімін қабылдағанда дейін, мен де бұл аяттардан үзінді көлтіргенмін).

Шындығында жоғарыдақөрсетілген аяттар үш басқа Құдайға сенуге болмайтынын дәлелдейді, бірақ бұл жерде, Мәсіх ілімінде қабылданған, Киелі Үштіктің бірлігін жоққа шығаруға болмайды.

Біз, мәсіхшілер де жоғарыда көлтірілген Құранның аяттарымен келісе аламыз, өйткені Мәсіх ілімі көп құдайға табынудың барлық түрін, оның ішінде үш құдайға табыну, жоққа шығарады. Себебі үш құдайға табыну, Киелі Кітап сөздеріне жауап беретін ілім болып табылмайды, өйткені үш басқа құдайға сенуге шақырады. Оның үстіне Мәсіх ілімі атиезмді де, сол сияқты пантаизмді де теріске шығарады.

Киелі Кітапта бір Құдайға сенудің негізгі қағидасы былайша тұжырымдалған: «Ей Израиль, тында: Тәңір – біздің Құдайымыз – бір ғана Тәңір!» (Киелі Занды қайталап жариялау 6:4). Иса Мәсіх бұл сөздерді ашық үағыздады! (Марқа 12:29 – 30).

«Мен Жаратқан Иемін, Менен басқа Құдай жоқ» (Ишая 45:5)

Міне Жохан жазған Інжілде (17:3) мынадай сөздер жазылған: «Ал жалғыз шын Құдайды және Мені – Өзің жерге жіберген Иса Мәсіхті тану, бұл – мәңгілік өмір»

Біз Мәсіх іліміндегі Киелі Үштік туралы діни қағиданың Жалғыз шын Құдайдың бірлігіне қайши келетіндегі туралы бірде-бір дәлел таба алмаймыз. Бірақ бұдан кейбіреулердің ойлағанындағы үш «бірлескен Құдай» бар деуге болмайды.

Құдайдың үшбірлігін міне былайша түсіндіруге болады:

1. Құдай – «Әке» деп аталған, Жаратқан Ие – әлемнің Жаратушысы. «Құдіретті» деген мағынаны білдіретін исламдағы «Әл Квадир» сөзіне ұқсас.
2. «Ұл» деп аталған, Иса Мәсіхтің туылуы арқылы тәнге айналған Оның еркін бізге ашып береді; Иса Құдайдың адамдарға берген үәдесін олардың өз тілінде әңгімелеп берді (оның қызметі, мұсылман дін қағидасы «Мюрид – Тілек» сөзіне ұқсас, Сөз болады).
3. Діндар адамдардың өміріне бағыт беріп, оларға көмектесетін Құдайдың Рухы немесе Киелі Рух өзін Оған арнаған, адамдар үшін ақиқат Рух болып табылады. (Құдай Рухы, мұсылман дін қағидасындағы, «Мұхжин – Өмір беруші» сөзінің баламасы болады).

Жоғарыда айтылып өтілген Құдайдың үш Жүзі (Әке, Ұл немесе Сөз және Киелі Рух) өзін үш жеке тұлғадай көрсетеді (бұл діни қағида мұсылман дініндегі «Сифат» сөзіне балама болады) бірақ бұлар жалғыз Құдайды құрайды. Бұлардың әрқайсысы Құдайдың басқа жақтарымен ажырағысыз бірге. Олардың бәрі де бірдей күшке ие, бәрі де мәңгілік және бәрі де әрқашан бар болған. Әке, Ұл (Сөз) және Киелі Рух бір сөзben Құдай деп аталады.

Сірә, Мәсіх ілімінің Киелі Үштік туралы діни қағидасы Құдайдың жалғыздығы немесе таухид туралы діни қағидаға қайши келмейді. Бұл жерде бірнеше «аллалардың» немесе құдайлардың бірігүі айтылмайды.

Құранда «Мәсіх ілімінің Киелі Үшбірліктің», Құдайдың Өзін көрсетуі деген ұғым туралы ешқандай теріс сөз айтылмайды. Құран тек үш құдайға сиынушылықты немесе тритеизм іліміне сенуді жоққа шығарады. («Маъида» сүресі 73 аят және «Ниса» сүресі 171 аят). Мәсіх ілімі де тритеизм ілімін немесе үш құдайға сиынушылықты сандырақ ретінде жоққа шығарады.

Осы айтылғандарға байланысты мен мынадай тұжырымға келдім: Құранда мәсіхшілердің Киелі Үшбірлік туралы діни қағидасына шын мәнінде қайши келетін бірде-бір аят жоқ.

## ИСА МӘСІХТІҢ ӨЛІМІ МЕН ОНЫҢ ҚАЙТА ТІРІЛУІ

«Ниса» (Әйелдер) сүресінің 157-аятын оқып шығайық.

...әрі олардың мынадай сөздері үшін де:

«Біз Мәсіхті, Исаны, Мариямның Ұлын,

Алланың елшісін өлтірдік қой» (ал олар оны өлтірген жоқ, әрі айқыш ағашқа шегелеген де жоқ, бірақ бұл оларға солай болып қана көрінді. Шындығында, бұл туралы келісе алмаушилар – оған шүбәланып жүргендер...)

Құранның бұл аятын мұсылман дінін уағыздаушылар, Иса Мәсіхтің айқыш ағашта өлмегеніне дәлел ретінде, жи қолданады (Мәсіх дінін қабылдамас бұрын мен де бұл аятын қолданғанмын).

Бұрын мен Құдайдың сүйіктің әрі Оның пайғамбары болған адамның айқыш ағашта өліп, Құдайдың қорғауынан айырылу мүмкін емес деп ойлайтынмын. Оның үстіне, мәсіхшілер Оны Құдайдың Ұлы деп атайды, Құдай Әке Әзінің Ұлын қорғамауы мүмкін емес.

Киелі Кітаптың пайымдауының Құранның сөздерімен («Маъида» сүресінің 68 аяты және басқа аяттармен) сәйкес келетініне көзім жеткен кезде, мен «Иса Мәсіхтің айқыш ағаштағы өлімін» мұқият және адаптациясынан анықталмайды. Құранды зерттеушілер, айқыш ағашта Иса Мәсіхтің өлімін теріске шығарады. Олар: айқыш ағашта Иуда өлген дегенді айтады.

1. Құраннан біз «біреудің айқыш ағашқа керілгенін әрі өлгенін» оқымыз, бірақ өлген адамның кім екені анықталмайды. Құранды зерттеушілер, айқыш ағашта Иса Мәсіхтің өлімін теріске шығарады. Олар: айқыш ағашта Иуда өлген дегенді айтады.

2. Құран, еврайлер болған іске сенімді еді: оар Исаны өлтірді, дегенді айтады. Маған Мәсіхтің айқыш ағашқа шегеленуі туралы барлық мәліметтермен танысып шығып, айқыш ағашқа шегеленгеннің кім екенін анықтау қажет болды. Мұндай мәліметтерді алу үшін, әділ тарихи документтерді зерттеу қажет болды. Бұл туралы барлық мәліметтер Киелі Кітапта берілген: дәл осы кітаптан біз оқиғалардың толық сипаттамасын табамыз, сондықтан мұны тарихи мәліметтің көзі ретінде пайдалануға болады.

Иса Мәсіхтің айқыш ағашта қалай өлгені туралы Жаңа Өсиеттің төрт кітабынан Матай, Марқа, Лұқа және Жохан жазған Інжілден білуге болады. Бұл адамдардың айғақтары нақты оқиғаларға негізделген. Әрі Інжілді жазғандардың үшеуі бұл оқиғалардың күесі болды.

Егер біз кейбір оқиғалардың ақиқаттығын дәлелдеу үшін екі немесе одан да көп қуәлардың қажет болатындығы туралы заң шартын сақтасақ (Киелі Заңды қайталап жариялау 17:6 – 7), онда Інжілді жазғандардың үшеуі Исаның айқыш ағашқа шегеленуі мен өлімнің тікелей күесі болған. Бұл – болған оқиғалардың заңды әрі сенімді дәлелдемелері болып табылады. Інжілмен салыстырғанда, одан бұғасыр өткеннен кейін жазылған, Мұхаммедтің немесе Құранның айғағы сенемсіз болып табылады, өйткені жазушы өзіне–өзі күә бола алмайды.

Бұғантағы бір айғақты қосуға болады: рим күзетінің сардары Исаның өлімі туралы хабарлаған кезде, Аrimatеялық Жұсіп келіп, Понти Пилаттан Исаның сүйегін сұрады. Жұсіптің тілегі орындалды (Марқа 15:42 – 48). Аrimatеялық Жұсіпке Исаның емес, басқа біреудің сүйегін берді дейтін болсақ, онда ол бұндай бұрмалаушылық пен көз бояушылықты тез арада жариялаған болар еді.

Тағы бір дәлелдеме бар: еврейлер Понти Пилаттан Исаның қабіріне күзет қойуын сұрады. Егер ол жерде басқа адам жерленген болса, Пилат қабірді күзетуге жауынгерлер бөлмес еді. Әйткені Ол, Құтқарушы өлгеннен кейін үш күннен соң қайтіп тіріледі деген Исаның сөздерін есіткен еді.

Егер айқыш ағашқа Исаны емес, басқа біреуді шегеледі дегенге жол берсек, онда: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар өздерінің не істеп жатқандарын білмейді» немесе «Орындалды!», – деген Оның ақиқи тағайындалуына сай, тамаша сөздерді Исадан басқаның айтуы арқылы қонымсыз. Айқыш ағашта басқа ешкім де емес, Иса Мәсіхтің Әзі шегеленгені тусінікті.

Сонымен, мен мынадай қорытындыға келдім: «Ниса» сүресінің 157 аятындағы «айқыш ағашқа

шегеленген және өлген» ешбір шубәсіз, Исаңың Өзі болған. Бұл Иуда немесе басқа біреудің болуы мүмкін емес. Төрт Інжілшінің ақиқи дәлелдемелері әбден сенімді, әділ әрі кемеліне жете толық.

## Иса Мәсіхтің өлгенінен қайта тірілуі

Құраннан Иса Мәсіхтің өлгенінен қайта тірілуін теріске шығаратын аятты таба алмайсыз. Құранға сәйкес, Мұхаммедке Иса жайында мынадай аян берілген:

«Мен қайда болсам да, Алла Мені жарылқанған етті... Мен туған күнімде де (Алла тараپынан) амандығым қамтамасыз етіледі!» («Мәриям» сүресі, 33–аят).

Бұл аят, кейбір адамдардың Исаңың айқыш ағаштағы өлімінен келіспегенімен, Оның шын мәнінде өлімнің бар азабын тартқанына сендіредеді. Мен Исаңың өлгенінен қайта тірілгеніне (убъахту хеййен) иландым. «Убъахту Хеййен» сөзі өлгенінен қайта тірілу деген мағынаны білдіреді және өлімнің бар азабын шегу-амуту.

Үшінші күні Иса ұстап көргөт болатын Өзінің денесімен бірге шынымен өлгенінен қайта тірілді (Філіпіліктерге хат 3:21). Егер Иса өлгеннен соң қайта тірілмеген болса, онда Оның өлімі осыншалық мәнді болmas еді.

Иса айқыш ағашқа керілді, өлді әрі сол өлген күйі қайтып тірілмеді дейтін болсақ, бұл мәсіхшілер үшін қатты соққы болған болар еді. Өйткені бұл олардың Құдайының өліп, жоқ болып кеткені. Бұндай жағдайда Мәсіх ілімі бүгінгі күнге дейін берік сақталмаған болар еді. Өйткені Мәсіхшілердің Құдай Патшалығында құтқарылуға үмітіболмас еді. Айталақ, Иса өліп, өлген бойда сол жерленген молада қалған болса, онда мәсіхшілерге өлі Құдайға табынудың не қажеті бар? Мәсіхшілердің Құтқаруушы деп атаған Құдайы. Өзін өлімнен құтқара алмай, осы күнге дейін молада жатқан болса, Оған табынып, дұға ету ақылғы қонғысыз болар еді ғой.

Иса Мәсіх адамдарға Құдайдың сүйіспеншілігін көрсету үшін айқыш ағашта азап өліммен өлді. Ол біржола өлген жоқ, керісінше мәңгі, тіпті жербетінде өмір біткеннен кейін де, өмір сүру үшін жеңіспен өлгенінен қайта тірілді.

Иса өлгенінен қайта тірілгеннен соң адамдарға елес болып көрінген жоқ, керісінше денесі бар барлық адамдардай өмір сүрді. Көптеген адамдар оны көріп, онымен қатынаста болды. Сөйтіп олар осыған күә бола алды.

Мәсіхтің өлімі мен қайта тірілуі, бүкіл жербетіндегі Мәсіхке сенушілер қоғамы мен діндарлардың шынайы айғағының мәні болып табылады. Біздің дініміз үмітке толы. Біздің мәңгі жасайтын Құтқарушымыз бар. Ал біздің дініміз болса, сүйіспеншілікке негізделген және біз Иса Мәсіх арқылы Құдайдың бізге берген уәдесіне мұрагер бола аламыз. Мәсіхтің жолында жүріп, азабына ортақ болған біз Оның салтанатты ұлылығына да ортақ боламыз. (Римдіктерге хат 8:17).

Жоғарыда айтылғандарға орай, біз мыналарға сенімді болуымыз керек: Мәсіхтің жолын қуушы болып, біз өміріміздің барлық саласында күйрекен күйімізден қайта өркендеуге ие боламыз, атап айтқанда:

біздің от басындағы бақытсыздық, ұрыс–керіс пен өшпендейліктен қайта өркендеу болады;

біз күнделікті нағымызды қыыншылықпен тауып жеген, азап өмірден қайта өркендеуге ие боламыз;

біз өлгеннен кейін де қайта тіріліп, жүрегіміз мәңгілік тыныштыққа ие болады;

біз бойға сіңген өзімшілдікті серпіп тастап, қайта өркендеуге ұмтыламыз;

біз еңсені езген қайғы қасірет, қорқыныш пен аурудан азат боламыз.

**Исаның айқыш ағаштағы құрбандығының біз үшін мәні**

Киелі Рух Елші Пауылға мынадай жолдарды жазуға шабыт берді: «Егер кім Құдайдың еркін орындар, Оның алдында тұра жүргендігі үшін жазықсыз азап шегіп, қайғы қасіретті басынан өткізе, Құдайдың еркінде сай іс қылғаны. Өйткені егер сендер теріс қылықтарың үшін азап шексендер онда сендерді не үшін мақтайды? Бірак сендер жақсы істерің үшін азап шегіп, оған тәзсендер Құдайдың еркін сол. Өйткені сендер осыған шақырылғансындар, Мәсіх біз үшін азап шегіп, біздің Оның ізімен жүруіміз үшін, бізге үлгі қалдырады. Ол ешқандай жаман іс қылған емес әрі оның аузынан бірде–бір жалған сөз шыққан жоқ. Өзін балағаттаған адамдарға тіл тиғізген жоқ, Өзін қорлағандарға қастық ойлаған жоқ, бірак бұны әділ Соттаушының еркінде берді. Біз күнәларымыздан кешірім алып, әділ өмір сүруіміз үшін, Ол айқыш ағашта біздің барлық күнәларымызды Өз мойнына алды. Оның денесіндегі жарапарымен сендер ауруларыңнан сауықтындар. Өйткені сендер бақташысы жоқ, адасқан қойдай болдындар, енді болса, сендер Бақташыға, өздеріңнің жандарынды Сақтаушыға қайтып келдіңдер» (Петірдің 1 хаты 2:19 – 25).

Құтқарушының ғолғоттағы айқыш ағашта шеккен азабы, Оның барлық шеккен азаптарының шыңы еди.

Бірақ Мәсіх айқыншы ағаштан өлім іздеген жок, керісінше Ол бұны Құдайдың алдын ала белгілеп қойғанына сай орындаады. Исаңың азап шегуінің терең мағынасын Ишая пайғамбар Ғолғот азабынан 700 жыл бұрын алдын ала айтқан болатын (Ишая 53:4 – 12).

АҚИҚАТ

«Бірақ Ол біздің әлсіздігіміз бен ауруымызды  
Әзінің мойнына алды.

Ал біз Ол жеңілді, жазаланды, Құдай Оны қорлады деп ойладық.

Бірақ Ол біздің күнөларымыздың жазасын тартып, денесі жара болды, біздің жасаған заңсыздықтарымыз үшін Ол азап шекті; барлық адамзаттың тартатын жазасы Оның мойында болды, сөйтіп, Оның денесіндегі жарапарымен біз ауруымыздан сауықтық. Біз бәріміз қойша адастып, әркім өз жолында азғындыққа берілді.

Сөйтіп, Жаратқан Ие біздің бәріміздің күнеларымзды Оның мойнына артты.

Ол азапталды, бірақ Өз еркімен қорлық көрді Ол қарсы сөз айттып, аузын ашқан жоқ. Ол, қойша, курбандыққа алып барылды әрі қырқушының алдында үнсіз жатқан Қозыдай болып, ол аузын ашпады.

Сот пен тұтқыннан Ол азат еді, бірақ Оның шыққан тегін кім біледі?

Өйткені Ол адамзаттың арасынан алынып, Менің халқымның жасаған күнәсі үшін, өлім жазасына тартылды. Адамдар Оны қылмыскерлермен бірге жерлемекші болды, бірақ Ол бай адамның ойып жасаған моласына қойылды. Себебі Ол күнә жасамады әрі Оның аузынан жалған сөз шыққан жоқ.

Бірақ Жаратқан Иенің еркі Оны қорлап өлтіру еді, сөйтіп Ол Оған азап тартқызыды. Оның жаңы Жаратқан Иенің күнәкәр адамзатқа мейірімінің құрбаны болған кезде, Ол мәңгі жасайтын үрпақты көреді. Сонда Тәнірдің еркі, сол үрпақтың игілігі үшін, Оның қолымен ойдағыдай орындалады.

Ол Өз жанының жасаған ерлік ісіне қанағаттанушылықпен қарайды. Ол көптеген адамдарды қунәсінен ақтап алады. Сол үшін Мен Өған Ұлылардың арасынан орын беремін. Қылмыскерлердің қатарында болып, Өз жанын өлімге қыйғаны үшін Ол күштілермен олжа боліседі. Ол көпшіліктің қунәсін Өз мойнынаалып, қунәкrlардың Қолдаушысы болды».

(Исаия 53:1 – 12).

Бұл пайғамбарлық сөздің Оның Өз басында орындалуға тиісті екендігін Иса жақсы білді, өйткені Ол Ишая пайғамбардың айтқанындай Жаратқан Иенің қызметшісі болды!

Сондықтан Иса өлім азабын шегер алдында Өзіне ілесіп жүрген Елшілерге Өзін алуға келген сарбаздарға кедергі жасамауын бұйырды.

Міне Құтқарушы былай деді: «Семсерінді қынабына сал, Семсерге жармасқандардың бәрі де семсерден өледі. Егер Мен Өкемнен сұрасам, Оның Маған бір дегеннен жетпіс мыңнан аса періште жіберетініне әлде сен сенбейсің бе? Бірақ онда, Киелі Жазбаларда солай болуға тиіс деген сөздер қалайша орындалар еді?» (Матай 26:52 – 54).

Еврей дін қызметкерлері Рим заң басшыларына Иса күнә жасап немесе Таурат қағидаларын бұзғандығы үшін, Оны айқыш ағашқа керуді талап етіп, тапсырған жоқ. Дін басшылары мен еврей дін қызметкерлері Оны Құдайға тіл тигіздің деп айыптады. Өйткені Иса Өзінің Құдайдың Ұлы, Құтқарушы екендігін ашық мойындағы.

Айқыш ағаш бейнесі, бізге Мәсіхтің әрбір ізбасарына, Исаның бүкіл адамзат үшін құрбан ретінде азап шегіп, айқыш ағашта өлгенін есімізге салуы керек. Біздің көкте мәңгі өмір сұруға ерікті болуымыз үшін, Ол бізді күнәнің билігінен құтқарды.

### **Иса Мәсіхтің көкке көтерілуі (Миъраж)**

Иса Мәсіхтің барлық 11 Елшісі де Бетания қаласының маңындағы Оның көкке көтерілуінің (миъраж) күесі болды (Лұқа 24:50). Біз Құраннан Иса Мәсіхтің көкке көтерілуін (миъраж) теріске шығаратын аяты таба алмаймыз. Оның үстіне Құранда мұны дәлелдейтін аяттар бар. («әл Имран» сұресі 55 аят).

«Міне, Алла былай деді: «О, Иса! Мен Сені тыныштандырамын, Өзіме көкке алып кетемін...»

Иса Мәсіхтің көкке көтерілуі туралы ойлай отырып, мынадай маңызды екі қорытындағы назар аудару керек:

1. Исаның Өзінің Елшілеріне берген соңғы нұсқаулары, Оның атқарған ісінің мақсаты мен барлық Мәсіх жолын қуушыларға береген Оның өсиеті:

А) Олардың жер бетінің түкпір түкпіріне барып, барлық адамдарды Мәсіхтің соңынан еруге шақырып, Інжілдегі құтқарылуды уағыздауы тиіс болды.

Ә) Мәсіхке сенген барлық адамдарды Киелі Үштікке (Құдай–Өке, Құдай–Ұл, Құдай–Киелі Рух) шомылдыру керек.

Б) Мәсіхтің шәкірттерін үйреткеніндей, барлық адамдарды үйрету керек: өсіреле Інжілді уағыздал, Көне Өсиетті де ұмыт қалдырмау керек.

2. Иса Мәсіх Өзінің ізбасарларына сендер Киелі Рухқа кенелесіндер деп уәде берді.

Алғашыда Киелі Рух Елшілерге түсті, ал кейін болса, Оның елшілері мен ізбасарлары болған әрбір адамға түсті. Олар Иса Мәсіх–Құдайдың Ұлы деген ақиқатқа күе болды. Оның Рухы мәңгілік, заманаулар ақырына дейін бізben бірге.

### **Иса Мәсіхтің екінші рет келуі**

Иса бүкіл өлілер мен тірілерді соттау үшін Құдай Соты ретінде екінші рет жербетіне қайта келеді (Елшілердің істері 1:11 және Аян 20:11-15).

Соңғы кезде Исаның Әділ Сот ретінде қайта келуі бүтіндей мұсылман діни ғылымына сәйкес келеді, өйткені бұл бірнеше аңыз кітаптарында, оның ішінде мынадай кітаптарда айтылған:

1. Әбу Хурайрдан Хадиғ Бухари, екінші кітап, 256–бет:

«Егер Мәриямның Ұлы көктен түсіп, келіп сендердің діндерінің көсемі әрі дін қызметкери болса, сендерге не болар еді?»

2. Мушнад имам Ахмад Ибн Ханбала, кітабынан 2:240,411 Хадиғ:

«Жақында сендерге Бас дін қызметкери әрі әділ Сот ретінде көктен Мәриямның Ұлы келеді».

Бірде Мұхаммед пайғамбар, Мәриямның Ұлы, Иса Мәсіх әділ Сот ретінде қайта келеді, деп айғақ берді. Ол былай деді:

«ҚұдайдыңеркібойыншамәриямныңұлыәділСотретіндешыныменжергетүседі»(мұсылмандардың хадиғі, 1 кітап, 76–бет).

Бұл хадиғтің мәні заман аяқталған кезде Иса Мәсіхтің екінші рет қайта келуінде. «Хақаман» (сottaуши болу) сөзі Иса Мәсіхтің екінші рет Құдайдың заңын, қазіргі біздің қолымыздағы Киелі Кітап пен Құранды алып пайғамбар ретінде келмейтінін, керісінше барлық адамдарды Сottaуши ретінде жаңа кітаппен «өмір кітабы» (Аян 20:11 – 15) келетінін білдіреді.

Жоғарыда келтірілген әл Сахих Бұхари–мұсылман хадиғінен алынған аяттарды Киелі Кітаптың аяттарымен салыстыруға болады. (Римдіктерге хат 2:16).

«Уақыты келгенде, мен таратқан Ізгі хабар бойынша, Құдай Иса Мәсіх арқылы адамдардың жасырын істерін соттайтын болады».

Сонымен, менің Иса Мәсіхті өзімнің Құдайым әрі Құтқарушым ретінде қабылдап, Оның әділ Сottaуши ретінде екінші рет қайта келуін көруіме енді бөгет болатын ешбір кедергі қалған жоқ.

Исаның барлық ізбасарларының құтқарылатындығы туралы Құранда мынадай айғақ бар:

Құдай Исаға былай деді: «О, Иса! Мен Сені тыныштандырамын, Өзіме көкке алып кетемін, сөйтіп, Сені сенбегендерден тазалаймын. Сенің ізіңе ергендерді, қайта тірілу қүніне дейінгі саған сенбегендерден, үстем етемін «Ғимран» немесе Ғимран әулеті сүресі 55–аят).

Әрине, Құранда Мәсіхтің жолын қуушылар құтқарылады деп айтылған. Бұл Исаның айтуы бойынша көктегі мәңгілік өмір. Міне, біздің Құтқарушымыз былай деді:

«Мен сендерге ақиқат айтамын: рухани өлгендер (Құдайдың еркінен тыс өмір сүретіндер) Құдай Ұлының дауысын есітетін (Оған сенетін) уақыт келеді, тіпті сол уақыт келді, ал Оны естігендер (Оған сенгендер) жаман жолдарынан қайтып, рухани қайта өркендейді» (Жохан 5:25).

«Әкеме апаратын жол да, шындықты көрсетіп, нағыз өмір беретін де – Менмін. Құдай Әкеге Менсіз ешкім де бара алмайды» (Жохан 14:6).

## КИЕЛІ КІТАПТЫҢ АҚИҚАТТЫҒЫ

Менің Киелі Кітаптан ақиқат іздеуіме алғаш рет түрткі болған Құранның бір аятын («Маъида» немесе «Үйрзық» сүресі, 68–аят). Мен өзімнің айғақтарымның ең басында айтып өткенмін. Онда Киелі Кітаптың ( Таурат пен Інжіл) Құдайды шын жүректен ізделп, Оның барлық өситеттерін орындалп, Оған табынған адамдар үшін ақиқи кітап екендігі айтылады.

Дегенмен Құранда Киелі Кітаптың (Таурағаның) бұрмаланғандығы, оны ұждансыз әрімәдениетсіз адамдардың өзгерктендігі туралы едәуір көп аяттар бар. Бұл аяттарды қөптеген мұсылман уағызыдаушылары сияқты, Киелі Кітаптың дұрыс еместігін дәлелдеу үшін, мен де жиі қолданғанмын.

Ақырында мен, Құранның бұл аяттары түп нұсқада жазылғандықтан, бұның ақиқи мәнін білгім келді. Сол сияқты Киелі Кітаптың да көп аяттарының шын мәнін ұғынуға ұмтылды.

Мен төменде келтірілген Құранның аяттарының мәнін түсінуге бірнеше рет әрекеттендім. Нақ осы аяттар маған шындықты табуға жәрдемдесті:

### 1. «Бақара» сүресі (Сиыр). 75 аят.

«Еврейлердің бір тобы Алланың сөзін естіп, оны түсіне тұра, өздерінің қалғанынша өзгертіп жібергенде, олардың сендерге сенуін шынымен қалайсындар ма? (Құранның ағылшынша басылымынан аударма).

«Олар сенің Бізге дұрыс көзқараста болмауың үшін, Біздің саған үйреткенімізден сені тайдырып алып кетуге даяр» (Құранның орыс тіліндегі аудармасы, 17 сүре 75 аят).

Әдетте мұсылмандар «олардың ішінен кейбіреулері» деген сөзді Киелі Кітапты зерттеушілерге (еврейлер мін мәсіхшілерге) қатысты деп ойлайды, араб тілінде оларды «фариқун минзум» – деп атайды. Мұсылмандар: Құдайдың сөздерін, Таурағаның Інжілді осы адамдар өзгерткен, деп санайды.

Мен толық зерттеулер жүргізіп, «Бақара» сүресіндегі 75–аяттың мәнінің мұндай емес екендігіне көз жеткіздім. «Олардың ішінен кейбіреулері» дегенде олар еврейлер мен мәсіхшілерден шыққан мұсылмандарға қатысты айтқан. Кейін олар, Мұхаммедтің жазғандарының шын мәнін түсінген кезде, исламнан бас тартты. Құран бұларды Киелі Кітапты емес, Құранның аяттарын талдаған кезде мәнін өзгерткен деп айыптаиды.

«Сен (Мұхаммед) олар саған сенеді деп ойлайсың ба?», – деген сөздер енді бізге түсінікті. «Сен» деген есімдік сөздің Мұхаммедке қатысты айтылған анық. Бірақ олар (еврейлер мен мәсіхшілер) Мұхаммедті өздерінің пайғамбары ретінде қабылдағаннан кейін, олар исламнан бас тартып, Құдайдың сөзін немесе Құранды өзгерктендігі үшін, сондай-ақ олар жалған сөйлеп, ақымақтық пен надандық білдіргендігі үшін айыпталды. Құранның бұл аяттары Киелі Кітапты оқып үйреніп жүрген еврейлер мен мәсіхшілерге қатысты емес әрі оларды айыптамайды. Құранда бұл адамдар? Киелі Кітапты өзгертті деп айтылмаған, тек Құранды өзгертуге әрекет жасады делінген.

### 2. «Бақара» сүресі 106–аят

«Егер Біз Құраннан қандай бір болмасын аятты жоққа шығарсақ немесе адамдарды бұл аятта ұмытуға мәжбүр етсек, онда Біз бұл аяттардың орнына одан жақсысын немесе соған ұқсасын алып келеміз» («Бақара» сүресінің ағылшын басылымынан аудармасы, 106–аят).

Әдетте мұсылмандар «Егер Біз Құраннан қандай бір болмасын аятты жоққа шығарсақ» деген сөздерді Киелі Кітаптың, яғни Таурағаның Інжілдің аяттарына қатысты, деп санайды.

Алайда кейбір дін зерттеуші мұсылмандар Құранды түсіндіре отырып, «Құраннан жоққа шығарылған аяттар» деген сөздерді Құранның өзінің кейбір аяттарына қатысты, деп санайды.

Осы арқылы мұсылмандықтың кейбір зандары мен өсиеттері жоққа шығарылады. «Әл Таджидид Фил–ислам» кітабында: Құранның бестен елуғе дейін аяттары алып тасталынған, деп санайды.

Енді біреулер, «жоққа шығарылған аяттар» дегеннің ақиқат мәні – Мұхаммед пайғамбар болып, Құдайдан аяндар алып отырғандықтан, Мұхаммедтің кереметтерімен байланысты, деп санайды. Бірақ

Мұхаммед өзіне дейін өмір сүрген Мұса мен Иса және басқада пайғамбарлар жасаған кереметтер сияқты кереметтерді жасай алған жоқ. Сонымен, «Бақара» сүресінің 106-аятын Киелі Кітапты – Құдай кітабының ақиқаттығын жоққа шығаратын дәлел ретінде пайдалануға болмайды. Киелі Жазба немесе Киелі Кітап шынымен Құдайға құлшылық еткісі келетін әрбір адам үшін ақиқатты іздеуге арналған сенімді негіз болып табылады.

### 3. «Маъида» (Ыңзық сүресі), 13 – аят

«Олар өздері жасаған шартты бұзғаны үшін Біз оларды қайырымызыдан айырып, жүректерін мейірімсіз еттік. Олар Құдай сөздерін бұрмалап, орындарын ауыстырады. Ондағы айтылып өтілген жайлардың кейбіреулерін әдейі естерінен шығарады. Сен де (Мұхаммед) олардың жасаған өзгерістерін ұшыратып отырасың...»

«Маъида» сүресінің 13-аятында «олар» деген сөзге (жақшада «еврейлер мен мәсіхшілер» деген түсінкеме келтіреді) «әдейі» деген сөз де қосымша келтірілген. Сонда бүкіл сөйлемнің мәнін талдай отырып, («олар Құдай сөздерін дұрыс орындарынан алып, өзгертіп, ауыстырғандары үшін қуанады») (Құранның ағылшын басылымынан аудармасы) немесе «олар сөздердің орындарынан ауыстырып бұрмалайды» «орыс тіліндегі Құран) мұсылман дін зерттеушілері Киелі Кітаптың яғни Таурағ пен Інжілдің өзгеріліп немесе тіпті ақиқи мәні жасырылған, деп санайды.

Шындығында бұл аят «Бақара» сүресінің 75-аяты сияқты Мұхаммед өмір сүрген замандағы мұсылмандарға қатысты еді, оларға үлкенде иудейлер мен Мәсіх жолын қуушылар болған, кейін олар ислам дінін қабылдап, бірақ көп ұзамай, исламды жоққа шығарып, туған дініне қайта ауысады. Құран оларды мұсылмандық ісіне сатқындық жасағаны және Құранның сөздерін өзгерктендері үшін айыптаиды. Олар исламды, Мұхаммед ілімінің шынайы мәнін ұғынғаннан соң, жоққа шығарған. «Маъида» сүресінің 13:7 – 14-аяттарынан біз дәл осы жайында оқи аламыз.

Әрине, сол сияқты «Маъида» сүресінің 13-аятын да Киелі Кітапты айыптау мен теріске шығаруға негіз ретінде пайдалануға болмайды.

### ҚОРЫТЫНДЫ:

Біз қарағанда, Киелі Кітаптың ақиқаттығын теріске шығаратын осыған үқсас аяттарды Құраннан көтеп табуға болады. Алайда бұларды терең зерттей келіп, менің мынаған көзім жетті: Құдай жіберген Киелі Кітаптың (Таурағ пен Інжілдің) алғашқы мәнінің өзгерілуі мен бұрмалануын бұлтарыссыз дәлелдейтін Құранда бірде–бір аят жоқ.

Қорытындыда маған мынаны айтуда рұқсат етініз: «Маъида» сүресінің 68-аяты, «Бақара» сүресінің 62-аяты, «Сад» сүресінің 23-аяты мен жоғарыда келтірілген басқа да аяттар Киелі Кітаптың, Таурағ пен Інжілдің жалғыз Құдайға және Оның Құдайлық еркі мен құдіретіне сай құлшылық еткісі келген әрбір адамның сенімінің ірге тасы болып табылатынына, сендіре айғақ береді.

### БҰЛ ДУНИЕНІҢ ҮІҚПАЛЫНА ҚАРСЫ МЕНИҢ КҮРЕСІМ ТУРАЛЫ

Мен Інжілді өз болмысымның басты ақиқаты ретінде шын жүректен толық қабылдап, Иса Мәсіхті Құтқарушы ретінде мойындауға дайын болсам да, ыұны ресми түрде дәлелдеп, шомылдыру рәсімінен өтуге шешіліп тәуекел өте алмадым. Мен үшін үлкен кедергі өзім өскен ортаниң ықпалы болды, сөйтіп менің еңсем түсіп, жүргегімнен үрей сезіндім.

Мен өз тәжірибемнен мынаны білемін. Көпшілік адамдар, Иса Мәсіхты өз Құтқарушысы ретінде мойында, Оны қабылдағысы келеді. Дегенмен олар өздерін қоршаган ортаниң ықпалынан шыға алмайды. Бұл ата–ананың, достарының Мәсіх іліміне теріс көзқарасы болуы мүмкін, ақыр аяғында мұндай адамдар бұндай жағдайларға бойсұнады. Кейде олар өздерінің Мәсіхтің жолына түскенін

бастықтары білсе, жұмыстан шығарып жібереді, деп те қорқады. Мысалы, бір діндар жігіт Иса Мәсіхті өзінің қалыңдығымен бірге қабылдағысы келгендей үшін онымен жанжалдасып қалады. Адамдарға Иса Мәсіхті өз жүргінің әміршісі ретінде санауға ерік бермейтін басқа да кедергілер бар.

Дүниенің Мәсіх жолын қуушыларға қарсы құшті әсері туралы Иса бізді ескерткен болатын. Бұл туралы Матай жазған Інжілде (10:34 – 36) айтылған.

Мен дүние жүзіне жалған татулық әкелу үшін келді деп ойламаңдар. Мен сондай татулықты емес, жақсы мен жаманды бір–бірінен ажырататын айыруды әкелу үшін келдім. Сөйтіп (пайғамбардың алдын ала айтқан мына сөздерін) жүзеге асыруға келдім. «Ұлы әкесіне, қызы шешесіне, келіні енесіне қарсы турады. Адамның дүшпаны өз үй іші болады».

1961 жылдан 1964 жылға дейін мен мұсылман ретіндегі өзімнің діни міндетімді алі де атқара бердім. Мен исламда қабылданғандай сиынып, әр жұмада мешітке барып жүрдім. Алайда мен әрбір жексенбіде Мәсіхке сенушілер қауымына, ал сенбі сайын дұға ету үйіне бардым. Бірақ мен ол кезде қауымға Мәсіхке сенуші ретінде барған жоқпын. Бұл менің дін жолындағы ақиқатты табу тілегімнен де жоғары бір жағдай болатын. Мәсіх іліміне қарсы адамдардың жазған кітаптарынан, мен Мәсіхке сенушілер қауымдарында; пұттарға, мұсіндерге немесе суреттерге табынады дегенді көптеген мәрте оқыған болатынмын, Сондықтан да мен жексенбі құндері Жакарттағы бірде–бір қауымды қалдырмай, арапап шығатынмын. Ал кейбір ғибадатханаларға, онда пұтқа, мұсіндермен суреттерге және басқа да жалған Құдайларға табынушылық бар ма, соған көз жеткізу үшін мен бірнеше рет бардым.

Мен өз құдігімнің негізсіз екеніне толық көз жеткіздім. өзім аралаған қауымдардың бірде–бірінен пұтқа табынушылықты таба алмадым.

Сөйтіп, міне 1964 жылдан бастап, менің жаным Құдай Рухына, Киелі Рухқа немесе Ақиқат Рухқа кенелді. Сонымен, менің Исаны шын жүректен өзімнің Құтқарушым ретінде қабылдайтын күн де келді. Алайда менде әлі де тұрақсыздық бар еді. Мен өз сенімімді ашық білдіре алмадым. Өзімнің Мәсіх Ілімін қабылдағанымды жасырып жүрдім. Мен Квитанға Индонезия қаласындағы Мәсіх жолын қуушылар қауымына баратынмын. Бірде қауым қызыметкерлерінің мені жасырын түрде, Құдай өсиет еткен, шомылдырылу рәсімінен өткізуін сұрадым. Өйткені мен бұл туралы менің үй ішімнің, тіпті әйелімнің де білуін қаламадым. Ол кезде мен Мәсіхке сенушілер қауымының мұддесін кім қорғайтынын білмеуши едім. Сөйтіп, ешкім де шомылу рәсімін жасырын түрде орындаі алмайтындықтан, менің арнайы шартым орындалмады.

Бірнеше апта өтті, мен осындаі өтінішпен Жатинагар қаласындағы «Вефиль» қауымының қызыметшісі қасиетті. Д. Сапулитиге келдім. Ол мені шомылдыру рәсімінен өткізуге келісім берді, бірақ бір шартпен: менің өзіммен бірге Мәсіхтің жолында адап жүрген екі немесе үш көршімді алып келуім керек болды. Менің Мәсіх жолын қуушы ретінде адап өмір сүруіме, олардың менің рухани өміріме бағыт беруі үшін. Мен бұл шартты да қабылдай алмадым, өйткені менің өзімнің Мәсіх жолын қуушы екенімді ашық мойындаға рухани күшім жоқ еді. Әлбетте, маған өзімді қоршаған орта, әсіресе менің үй ішім ықпал етті. Мен от басындағы елеулі алауыздықтан қашқым келген еді. Оның үстіне мен өз әйелімнен мәсіхшілер қауымына қосылуды ашық сұрауға қорқтым; ол кек ретінде мұсылман молдасына барып, менімен ажырасуды талап етер деп ойладым. Мен ажырасудың адамды қорлайтын тәрыбінен қорқтым. Менің Иса Мәсіхті тек құпия түрде ғана қабылдай алатынның түсінікті еді.

Алайда менің жүргім батылдана түсті. Енді менде Иса Мәсіхті өз Құтқарушым ретінде қабылдау тұрғысында құдік қалған жоқ.

Сонымен бірге мен енді «екі құдайға» бірдей құлшылық ете алмадым, сондықтан тек мәсіхшілер қауымына ғана баратын болдым. Бірақ мен өзімнің үй ішім жағынан болатын менің дініме қарсы әсерден қауіптендім, тіпті бойымды қорқыныш биледі. Мен бұндай қыындықтарды қалай жеңуді білмедім. Жол көрсетіп, ақыл беретін де ешкім болмады. Осы сәтте мен өз жанымда құшті қурес жүріп жатқандығын кенет сезіндім.

Осыған қарамастан Құдіретті Құдай маған бұл құресте дер кезінде жеңіп шығуға көмектесті. Бұрын мен ислам дінінен Мәсіх дініне өту туралы әйеліммен талқылау үлкен жанжалға алып келеді деп ойлайтынмын. Бірақ шындыққа жолды Құдайдың Өзі керемет түрде менің әйелім арқылы ашып берді. Ол Иса Мәсіхтің туғандығын мерекелейтін мейрамды тойлап жатқан мәсіхшілердің үйіндегі жарқыраған

тамаша шыршаларды бақылап, Құдай беретін жан тыныштығын көреді. Бұл ол үшін мәсіхшілер тұрмысындағы сұлулық пен ізгіліктің айқын белгісін білдірді. Ол мәсішілердің әндерін есіткен кезде, жан тыныштығын сезіп, олардың арасындағы кішіпейілділік пен мейірімділікті көреді.

Әздерінің асыл сезімін білдіру үшін әйелім мен қыздарымның біреуі келіп, Мәсіх ілімін қабылдап, мәсіхшілердей өмір сұру тілегін білдірді. Менің көптен бері күткенімде осы еді!

Келесі күні Исаңың туғандығын мерекелейтін мейрам болды. Мен қасиетті Сапулитименекінші рет үшірасып, оған өз үй ішімнің Иса Мәсіхті қабылдап, Оның қауымына мұше болу тілегін айттым. Біздің тілегіміз дереу орындаоып, біздің бәріміз – мен, әйелім мен менің жеті балам 26.12.1969 жылы қасиетті Д. Сапулитинден «Герейа Вефиль Жемаат» немесе ГВЖ қауымында шомылдыру рәсімін орындадық. Бір аптадан соң біздің ұлымыз да шомылдырылудан өтті. Ол да менен қорқып, мәсіхшілер қауымына жасырын барып жүрген екен. Бірақ мен де әйелім мен балаларымның біліп қоюнан қорқып, мәсіхшілер қауымына жасырын барып жүрдім гой. Сөйтіп, біз бәріміз бір бірімізден жасырынып жүріппіз. Құдайға шүкір, менің үй ішім Иса Мәсіхті толық қабылдап, Оның шәкірті болып, Оған өзінің жүрегіне Өмірші болуға ерік берді.

### **Құдайдың көптеген жарылқаушылықтары**

26. 12. 1969 жылы қасиетті шомылдырылу рәсімінен кейін біздің үйімізде ғажайып әрі қуанышты өзгерістер болып жатты. Біз бүкіл өмірімізді өзгерту Құдайдан көптеген жарылқаушылықтар алдық.

Міне, қасиетті Елші Пауыл бұл туралы былай деп жазады:

«Сонымен, кім Мәсіхте болса, сол – рухани қайта жаратылған адам; бұрынғы – өткен, енді бәрі жаңа» (Қорынтықтарға 2 хат 5:17)

Егер адам Иса Мәсіхті өз Құтқарушысы ретінде қабылдаса, онда Құдай оның бүкіл өмірін өзгертеді. Мәсіхтің бейнесі осы адамның бойында қалыптасады. Киелі Кітаптабылай деп айттылған: «Сөйтіп, Құдай адамды Өзіне ұқсас етіп жаратты». (Жаратылыстың басталуы 1:27). Жаңаған адамда – жаңа қуаныш тілті басқаша құштарлық, сол сияқты сүйіспеншілік сезімі де жаңаған болады. Бұрын ұнатқан нәрсені адам енді жек көреді, ал бұрын ұнатпаған нәрсені ол енді шексіз құрметтейді. Адамның бүкіл өмірі өзгереді. Құдайға жаңадан келген адамды қоршаған адамдар, оның бойындағы бұл өзгерістерді айқын көреді. Оның өмір жолы өзгеріп, оның сойлеген сөзі де басқаша болады. Осының бәрі неткен ғажап!

Мен бұл өзгерістерді бақылап, оларды Мәсіхті жалпы қабылдаған өз тұрмысымды көрдім. Үзілану мен ашуаш өзінде жойылып, ізгі сүйіспеншілік қатынастар пайда болды. Біз өзімізді қоршаған дүние мен өзіміздің бақытты рухани өміріміздің арасындағы айырмашылықты айқын көре бастадық. Бізде енді ешқандай құдік қалған жоқ. Біздің жүрегіміз қорқынышты ұмытып, қуанышқа толды. Тілті біздің бүгінгі, заманда да біз тамаша жарылқаушылыққа иелендік. Құдайдың адамзатқа берген уәдесі Иса Мәсіх пен Оның ізбасарлары арқылы орындалып жатқанын біз өз тәжірибемізден көрдік.

«Мейрамның ең ұлы күні болып саналатын соңғы күні Иса елдің алдында тұрып: Кімнің жаны шөлдесе, сол келіп, ішсін! Маған сенген адамның ішінен, Киелі Жазбада айттылғандай, өмір беретін су арқырап ағады», – деді. (Жохан 7:37,38).

«Мен сендерді шын өмірге ие болсын, әрі өмірлерің (рухани игілікке толы) ағыл–тегіл мол болсын деп келдім» (Жохан 10:10)

Біздің өміріміздегі өзгерістер айқын әрі жылдам болғаны соншалық біз өсек нысанасына айналдық. Біздің көршілеріміз бен туыстарымыз біздің мәсіхшілер қауымынан жәрдем алады, деп ойлады. Адамдар: «Егер сендер тез байырыларың келсе, Эмбри мырзаның үлгісін ұстанып, мәсіхшілер қауымы сендерге миллиондаған рупий түрінде жәрдем береді», – деген өсек сөздерді айтты.

Олар біз Мәсіхшілер дінін қабылдағанымыз үшін пара алып, олардың ақшалай заттай берген жәрдемінен кейін ғана біздің өміріміз жарылқанған болды деп ойлады. Жоқ, еш уақытта да мұндай болған емес! Біз еш уақытта да Мәсіх ілімін қабылдағанымыз үшін төлем ретінде қауымнан да, ешбір адамнан да жәрдем алған жоқпыш. Бізге ешкім ақша да құрылыс материалдарын да берген емес, бізді ешкім тиімді жұмысқа орналастырып, немесе бір тыын да берген емес. Біз жарылқанған өмірге тек әділ Құдайдың қайырымының арқасында ғана ие болдық. Құдайдың адамзатқа берген уәдесі де осы ғой: Оған сенген адам мол жарылқаушылыққа кенеледі.

### **Мәсіхшы ретіндегі менің өмірімдегі Киелі Рухтың сөнген кезі**

1970 – 1972 жылдар арасында Мәсіх жолын қуушы діндар ретіндегі менің рухымның сөнген кезі еді. Мен материалдық мәселелерге көп көніл бөліп, тек үй ішіме ғана көмектесіп жүрдім. Жексенбі құндері мен мәсіхшілер қауымына барып тұрдым, ал Киелі Кітапты болса, жұмыстан бос кезімде, өте сирек оқыдым. Менің дінге осылай немікүрайды қарағандығым үшін Құдай мені айыптады. Осы кезде мен Құдайдың мені ескерткенін анық сездім: «Егер сен Мәсіхтің жолын қуғың келсе шәкіртім, сен өмірің толған Құдай берген жарылқаушылыққа мәз болып, өз уақытынды мақсатсыз, босқа өткізуің керек емес. Сен Мәсіхтің елшісі бола отырып, Матай жазған Інжілде (28:19–20) айттылғандай, барлық адамдарға Інжіл туралы айтып, анық айғақ беруің керек», – деді Тәнірім.

Қалай ғана мен ашық айғақ беріп, адамдарға Інжіл туралы айтамын? Менің шын мәнінде Иса туралы айғақ бергім келді, бірақ нeden бастау керек екенін білмедім. Сол кезде Құдай маған тағы да жол көрсетті. Міне, Ол мұны қалай жасады.

Бірде маған Банжармасиннен досым келіп, бізде қонып қалды. Ол менің ең жақын досым еді. Ол менің қуанышты да, қайғылы құндерімде әрқашан менімен бірге болатын. Голланд сарбаздары индонезиялықтарды тұтқынға алған кезде, біз бір–бірімізben лагерьде немесе түрме камерасында кездесетін едік.

Біз әдеттегіше сәлемдестік. Біздің үйімізде де ешбір нәрсе, біздің Мәсіх ілімін қабылдағанымыз туралы айғақ бермеуші еді. Ол: «Ассалам алайкум!» – дегенде мен: «Уа алайкум ассалам!» деп жауап бердім. Менің мәсіхшілер дінін қабылдағаным туралы ол көршілерден есіткен екен. Бірақ досым менің мәсіхшілердің дінін қабылдауымның мүмкін еместігін айтып, оларды осыған сендірді. Ол көршілерге мынаны ескертіпти: «Мен өз досым Хемрен Эмбриді ол Жакартада тұрғаннан бері ғана емес, сондай–ақ оны Банжармасинде өмірінен бері билетін. Ол Аллаға иланып қана қоятын кәдімгі мұсылмандар сияқты емес еді, – ол нағыз мұсылман болатын. Оны өлкемізде исламның мұратына берілген қайраткер ретінде билетін. Ол мәсіхшілер дініне қарсы болып, «Мұхаммеджийяның» жетекшілерінің бірі еді. Ол мұсылмандар жазушы әрі исламның уағызшысы болды. Оны Орталық, сондай–ақ Шығыс Калимантанда да жақсы билетін. Оның үстіне, Хемрен Эмбри 1947 жылы Амунтай қаласында болған бүкіл Калимантандағы Ислам конгресін үйімдастыруышылардың бірі болды. Ол Индонезия үлттүк әскеріне кіріп, Банжармасин әскерінің бас мұсылмандар жазушысы болып тағайындалды. Сонымен, мен мынаған сенемін: Хемрен Эмбри мұсылмандықты еш уақытта өз еркімен тасталап, мәсіхшілер дініне өтпейді».

Алайда менің көршім бұған қарсы болып, былай деді: Бірнеше жылдан бері Хемрен Эмбридің мәсіхшілер қауымына тұрақты барып, Мәсіхтің туылғандаған мерекелеп жүргенін біздің ауылдың адамдары біледі. Олар менің досымнан менің діни нанымым жөнінде сұрауды өтініпті.

Сондықтан досым босағамды аттасымен–ақ төменше: «Сенің мәсіхшілер дінін қабылдағаның туралы сыйбыс рас па?» – деп сұрады. Мен ешбір қобалжымай: «Иә, бұл рас. Мен және үй ішімдегілер Киелі шомылдырылу рәсімімен өттік», – деп жауап бердім.

Менің жауабымды есіткен досым жылап жіберді. Ол осының берінің шын мәнінде болғанына қатты күйіндді. Бірақ ол ештеңе істей алмады, тек бір сәтке мелшиіп қалды. Банжармасинге оралған ол басқа адамдарға, оның ішінде менің жақын достарыма менің мәсіхшілер дініне өткенім туралы айтып береді.

Бұл оқиға туралы жаңалық Банжармасинде менің жақын досым, мұсылмандар жазушысы, шығаратын «Хариан Утама» газетінде хабарланды. Х. Арсыяд Мерен ірі әріппен былай деп жазды:

БІЗДІН МҰСЫЛМАН ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ҚАЙРАТКЕРІ МӘСІХШІЛЕР ДІНІН ҚАБЫЛДАДЫ

Бұл 30-жылдардағы «Мұхаммеджия» қозғалысының белгілі мүшесі, сол кезде «ЖИХАД» баспасының бас қызметкөрі болған. Ал, міне, Д.С. Антимес қандай сөздер жазды:

«МҰХАММЕДЖИЯ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МУШЕСІНІҢ МӘСІХШІЛЕР ДІНІН ҚАБЫЛДАУЫ

Таңқаларлық ерекше оқиға!

Басқа бір жазушы Арсхум Архфа мынадай сөздерді жазды:

«Біз бұл жаңалықты жаңсақтық, деп үміттенеміз. Индонезиядағы тәуелсіздік қозғалысының негізін салушылардың бірі Хемрен Эмбридің діни нанымы әлі де белгісіз»

Сол сияқты Банжармасин мұсылмандары да бұл таңқаларлық оқиға жөнінде былай деп жаңылыс хабар берді: «Таяуда пайда болған экономикалық тауқыметтер біздің тұрғындарымыздың бірін өз дінін өзгертуіне мәжбүр етті». Бұл мұсылманның есімі көрсетілмеген.

Тіпті мұсылман университеті Антесери де менің Мәсіх ілімін қабылдағаным туралы хабарға үн қосты. Осы аралықта Банжармасинде ПВМ («Мұхаммеджи») хатшысы менің ислам мұраты үшін курескөр болғанымды жоққа шығаруға әрекеттенді.

Менің Мәсіх ілімін қабылдағаным туралы барлық хабарлар жоғарыда аталған газетте мені қаралау ниетімен басылды. Олар мені ислам дініне қайтып оралады, деп құтті. Бірақ олардың тілегі Құдайдың еркімен сай келмеді. Құдай оларды мемнің өміріме дұрыс бағыт беру үшін пайдаланды. Құдіретті Құдай менің белсенді мәсіхшіге айналып, адамдарға Иса Мәсіхтің Құдайлышы туралы айғақ беруімді қалады.

Сонымен, бұл оқиға (менің мәсіхшілер дінін қабылдағаным) екі ай дерлік Банжармасинде «Хариан Утама» газетінің қоғамдық айтысы мен басты тақырыбына айналды. Маған қантөгісті болдырмаудың әренең дегенде сәті түскені жайында хабар жетіп жатты. Газет жаңалықтар менің атымды қорлады, деп санағанменің кейбір достарым журналистерге шабуыл жасауға дайындалады. Бақытыма орай, мен көп кешікпей, Банжармасин қаласындағы «Хариан Утама» газетінің редакциясына «Менің Мәсіх дінін қабылдағаным туралы айғағым» деген ашық хат жаздым. Бұл хат төмендегідей болатын:

«Хариан Утама» газетінің оқырмандарына

АШЫҚ ХАТ

Ассалам алайкум, құрметті мырзалар!

Мен осы хат арқылы өзімнің протестанттық мәсіхшілер қауымына өткендігімнің, әрі 1964 жылы Мәсіхті өз өміріме қабылдағанымның ақиқат екендігін дәлелдеймін.

Осы газетте мен туралы хабарланған мәліметтер шынында да таңқаларлық. Әйткені бұл газеттерде жазылғандарға сай, мен әлі де белгілі мұсылман немесе бостандық пен мұсылмандық мұраты үшін курескөр болып табыламын.

Мен өзім туралы айтылған бұндай пікірлер үшін алғыс айтамын. Мен осы уақытқа дейін өзімді әйгілі мұсылман немесе бостандық қайраткері санамасам да, менің достарымның мен үшін істегеніне ризамын. Менің достарым жазғанындей, егер мен бұрын бұндай куреске қатынасқан болсам, онда бұл менің отан алдындағы парызымды орындағаным ғана. Сондықтан да мен өзімді «ардагер» немесе «тәуелсіздік үшін Қозғалыстың негізін салушы ретінде құрметті бөлемеуін әдейі сұрағанмын. Мен тек ұжданымның әмірімен ғана әрекет еттім.

Менің өзімнің барлық достарыма, әсіресе қажеттіліктен мен жайында мақала жазған X. Арсьяд Менен (мен сенің хатынды ала алмадым), Д. Антемес пен А. Архфқа алғыс айтқым келеді. Мен өзімді «тәуелсіздік үшін Қозғалыстың негізін салушы» деп атаған құжаттардың ешқайсысына еш уақытта қол қоймаганымнан өзге мен жоққа шығаратын немесе қарсы болатын ештеңе жоқ.

Сол сияқты мен өзімнің протестанттық мәсіхшілер дінін қабылдауымның себебі туралы жазылған «Өзімнің дінім туралы мақаламды» Артбул Архфқа жолдадым.

Қандай жағдай боса да, арамыздағы достықты сақтауымыз керек, өйткені шын достықты бұзуға болмайды. Құдай сіздерге жар болсын! Біздің осындай пікір таласымызға үн қосқандардың әрбіріне алғыс айтуға рұқсат етініздер.

1972 жылдың 6 мамыры, Жакарта

Бауырларың Хемрен Эмбри.

### **Мәсіх туралы менің белсенді айғағымның басталуы**

өзімнің ашық хатымды жариалағаннан кейін мен Банжармасиндеңі және Хулу Сунгайдарғы достарымнан менің ісіме қуйінген көптеген пікірлер келіп жатты. Олар Құраннан кейбір аяттарды келтіріп, менің ойланып, ислам дініне қайтуыма кеңес берді. Кейбір хаттарда менің мәсіхшілер дініне өтуіме не себеп болғаны сұралған.

Менің Мәсіхтің жолына түсіумді ашық мәлімдеп, Ол жөнінде айғақ беруіме осындай себептер түрткі болды. Алғаш мен жауаптарымды машинкада басып, әр түрлі адамдарға жібердім. Кейінірек мен хат алысқан адамдарға арнайы жауап жазып, оны көбейтіп жолдадым. Бұл хатта «Мәсіх ілімі туралы кейбір пікірлер» болды. Кейін мен бұл хатты жетілдіріп, оны «Құдай, Иса, Киелі Рух» деген атпен жарияладым. 1973 жылды мен: «Мәсіхшілердің діни ғылымы мен Құдайдың жалғыздығы туралы қағиданы» баспаға дайындағым. Әлбетте, мен сұрақтар мен менің шешімімді мақұлдаған көптеген хаттар ала бастадым. Кейбір хаттардан мен шындықты іздеген адамдардан айқын дәлелдемелерді баяндағанын оқыдым.

Сонымен бірге Ява аралының кейбір мұсылман журналистері де маған әрі Мәсіх іліміне қарсы мақалалар басып шығарды. Дегенмен менің ісімді қолдаған мен көтеп алып отырдым. Хаттар Индонезияның түкпір–түкпірінен: Банжармасиннен, Батыс Яваның, Орталық Ява мен Шығыс Яваның мұсылман аудандарынан Сумарта аралынан (Палембенгтен, Меденнен, Гадангтен және Асехтен) келіп жатты. Мен шетелдерден де (Мысыр мен Кіші Азиядан) хаттар алдым.

Құдайдың басшылығымен мен барлық халықтардың алдында, өзімнің Мәсіхтің ізіне түскенім туралы шынайы айғақ бердім.

Менің кейбір адамдармен қатнасым алты айдан да аса созылды. Біз Мәсіх іліміндегі әр түрлі мәселелерді талқыладық. Ал кейбір сұрақтарға сұрақтарға жауапты мен кітап етіп жазып, өзімнің дінімің ақиқаттығына дәлел ретінде басып шығардым. Міне, бұл кітаптардың тізімі мынадай:

1. Меден қаласындағы мұсылман журналисі Х.М. Жүсіп Сойубпен хат алысу. (Жакартадағы «Киблат» журналын бастирушуның көмекшесі).
2. Самудимен хат алысу (Салагати қаласындағы ислам дін зерттеушісі).
3. Мұса Пройосивойо имаммен хат алысу (Жакарта қаласындағы ислам діни журналын шығарушы).
4. Вахионо Хадимен хат алысу (Дарул Кутубил Исламиях, Жакарта қаласы).
5. Әли Якуб Матондангпен хат алысу (Каирдегі мұсылман студенті, Мысыр).
6. А. Хасан Түмен хат алысу («Ислам Жамиат Ахмаджия Индонезия» үйімінің ислам уағызшысы, Деспансарба Бале).
7. Езиф Фахми және басқалармен хат алысу (Сурабава қаласындағы мұсылман студенттер тобы).
8. М.А. Фаллимін хат алысу (Месейд Агунгтің басшысы, Орталық мешіт, Цинахи–Бандунг).

1979 жылға дейін мен Индонезияның барлық түкпір–түкпірінен келген мұсылман бауырларымның мындаған хаттарына жауап бердім. Әрбір құнгі келген хаттар мені шабыттандырып отырды. Бұл хаттар олардың иелерінің шындықты іздеп, менің берген түсінкітемелерімді алғаннан соң қанағаттандырағаның көрсетті. Тәнірді мадақтайық! Маған арнайы келген адамдар да болды.

Менің Мәсіх ілімін қабылдап, ақиқатты іздегенім көшілікті қызықтыратынын білгеннен соң, мен Мәсіх ілімі жөнінде кеңес алуға келгендеге арнайы уақыт бөлдім. Бұндай ұшырасулар әр аптаның сейсенбі, бейсенбі және сенбі құндері таңның атысынан кешке дейін өтіп жатты.

Мен Құдайға шын жүректен алғыс айтамын. Киелі Кітаптың Құдайдың шабыт беруімен жазылғандығы мен Иса Мәсіхтің Құдай екендігін өзімнің мұсылман бауырларыма түсіндіруім үшін және олардың Мәсіхтің адамзатқа деген сүйіспеншілігін анық көруі үшін Құдай мені дәнекер ретінде қолданды.

Сөйтіп, міне сұрақтар мен жауаптарға толы кеңестерден кейін мен көзіргі түсінбестіктер, Киелі Кітап пен Иса Мәсіхтің Құдайлығын мойындаамаушылық пен Иса Мәсіхтің Құдайлығын мойындаамаушылық көп кешікпей дұрысталауға тиістігін байқадым. Сонда бізге Мәсіх ілімінің көркем екендігін көрудің сәті түседі.

### **Менің миссионерлік қызметімнің басталуы**

1973 жылдан 1978 жылдың ақпан айына дейін мен Иса туралы айғағымды, тек жазу столының басында отырып, Мәсіх іліміне қызықкан оқырмандардың хаттарына жауап беру арқылы ғана жасадым. Кейін мен бұл хаттарға жауапты шындықты іздеуге мысал ретінде жарияладым.

Бірақ 1978 жылдың ақпан айында мен былай деп дұға еттім: «О, Құдайым, маған жана бағыт пен жаңа еңбек майданын беруіді Сенен өтініп сұраймын, өйткені қазіргі қалам ұшындағы еңбек майданы тарылышып барады». Бұл дұғаны жасағаннан кейін, мен өз жүргегімде Құдайдан жауап алдым. Келесі күні маған үйден шығу керек болды. Сонда Тәнірім Оған қызмет ету үшін, маған жаңа еңбек майданын көрсетеді.

Келесі күні мен ертеңгісін ертемен үйден шықтым, бірақ қада барапым әлі белгісіз еді. Қаланың басты көшесіне жақындей беріп, мен Құдайдан: «О; Тәнірім, маған бағыт беріп, менің қайда баратынымды көрсет!» – деп сұрадым. Жүргегім маған солтүстікке қарай бағыт берді. Баратын жерімді анық білмегендіктен мен жаяу жүріп отырдым. Менің машинаға да, автобусқа да отырғым келмеді. Сөйтіп, Индонезияның Таурат институтына кіре беріс есікке жақындағанымда, Тәнір маған: «Осы үйге кір!» – деді. Мен қатты шуббәландым, өйткені мұнда жұмыс істейтіндердің ешқайсысын білмейтін едім. Бір кезде бұл институтта қасиетті Б. Дробовиното болған, бірақ кейін ол Салатида қаласына көшіп кеткен еді. Сонымен, егер мен осында кірсем, онда мен кіммен сөйлесемін әрі не айтамын? Бірақ менің жаным дегенін орындаатпай қоймады, мен үйге кірдім.

Достарымның бірі көріп, мені бірден таныды да, мынадай сөздермен: «Эмбри мырза! Құдайға Оның ғажайып жолбасшылығы үшін алғыс айтамын! Саған біреудің жолыққысы келіп отыр еді», – деп сәлемдесті. Көп кешікпей, мен ол адаммен сұхбаттастым. Кейін, мен жөнінде есітіп, ұшырасқысы келген қасиетті М. К. Гирьяқраатмажиімен кездестім. Осы әңгімелден соң мен Құдайдың жарылқауына бөленидім, бұл адамдар менің кітаптарымның кейбіреулерін сатып алғысы келген екен.

Менде, менің жаңа еңбек майданым осы ма екен деген құдіктер пайда болды, мен бұндай болуы мүмкін емес деп үйғардым. Менің үйге қайтқым келді, бірақ жүргегім менің солтүстікке қарай жылжи беруімді талап етті. Сол кезде мен ары қарай жылжи бердім де, ақыр аяғында, Кремет көшесіндегі 5–үйдің алдына жақындаадым. Маған осында кіріп, қасиетті доктор Эйс М. О. Пормиспен кездесу керек, деп айтылған еді. Мен аң–таң қалдым: қасиетті Пормиспен мен не жөнінде әңгімелесуім керек еді, өйткені мен бұл адамды жақсы білмеймін әрі оның үйымына қатысым да жоқ еді. Бірде біз бір–бірімізben кездескен едік, бірақ бұл бұдан үш жыл бұрын еді. Дегенмен Киелі Рух маған сол жөнінде айтты, мен тіпті соңғы сәтке дейін терең шуббәлансам да, бұл үйге кірдім. Бұрын бұл үйге кірдім. Бұрын бұл үйде Құдайдың көптеген қызметшілері болушы еді, бірақ қазір мұнда тым–тырыс. Бәлкім

қасиетті Пормис көшіп кеткен шығар. Алайда ол мені байқап қалып, үйден шықты да: «Құдай сізге жан тыныштығын берсін Эмбри мырза! Шынында да мен кеше ғана сіз туралы ойлап, сізді көргім келген еді. Әйткені бізде бір–бірімізben талқыға салатын істер бар. Мен сізді күттім – біз бірге жұмыс істей алар ма екенбіз?» – деген сөздермен сәлемдесті. Мен тіпті таңқалып қалдым. Қасиетті Эйс Пормис мені қалайша ұмытпаған екен? Әйткені біз жақсы таныс емес едік. Бірақ мен өзімнің кешегі жасаған дұғамды есіме алдым. Бәлкім, мені Киелі Рух Құдайға қызмет етудің жаңа майданына алып келген шығар.

Осы сұхбат үстінде Мәсіх іліміндегі көптеген ұғымдар маған басқаша ашыла бастады, тіпті мен басқаша ойлап, дүниені жаңадан, сезіне бастадым. Қасиетті Эйс Пормис маған Құдайға өзімен бірге, қызмет етуді ұсынды. Ол сол кезде нашар қүйде болған менің денсаулығымның да қамын ойлады.

Ақыр аяғында, ол маған Соло көшесіндегі, 4 үйде тұратын «Буми Асихтің» директоры М. К. Синегаға хат алып баруды ұсынды. Мен хатты апарып, онымен жолықтым. Ол мені «Индонезия» қонақ үйіне жіберді. М. К. Синега маған бірнеше Мәсіх ілімінің уағызшылары сол қонақ үйге менімен кездесуге келеді, дегенді айтты.

Сонымен, 1978 жылдың 24 ақпаны жұма күні, ертеңгісін мен «Индонезия» қонақ үйіне бардым, онда Жакарта Мәсіх жолын қуушы бизнесмендерінің немесе қысқартып атағанда «Х. Б. М. Х.–ның» жалпы дұға жиналышы болады екен.

Мен өзімді таныстырғаннан кейін, бұл жиналған жүрттың мені білетінін әрі олардың бүтін меніменұшырасқысы келгендерін білдім. Осы күннен бастап, мені көптеген мәсіхшілер үйлеріне қызмет етуге шақыра бастады, ал кейін мен мәсіхшілер қауымдары қызметіне қатыса бастадым. Мен Жакарта мен Бандун аудандарында орналасқан көптеген қауымдарда Иса жайында айғақ бердім. Сонымен бірге мен Индонезияның Жакартадан тыс аудандарында, атап айтқанда: Оңтүстік Калиманта (Банжармасин, Аминтай), Орталық Калиманта (Плангкарайя), Шығыс Ява (Сурабайя мен Маланг) Бандунг және басқа аудандарды да қамтып отырдым.

Менің Құдайға қызметінің жаңа майданы осында болды. Мен көптеген адамдарға Құдайдың Інжілде көрсеткен ақиқатын жеткізе жүріп, әр түрлі Құдайға қызмет ету жиындарына қатынасып, бар ынтыммен Құдайға қызметімді жалғастыра бердім.

Сойтіп мне, менің жаңа еңбек майданымның үйден тыс болуына қарамастан, хаттар үздіксіз үсті–үстіне келіп, ұлғая түсті. Тәнір мадақталсын! Бұл хаттар мен үшін Құдайдың жарылқауы болды. Мен қазір де Жаратқан Иені іздеген әрбір жанға қуана қызмет ете аламын.

## Жаратқан Ием менің еңбек майданымды ұлғайтты

Бірде мен Жакартадағы Батангхари көшесінде орналасқан «Дарусселең» мешітінде «Лембага Пенгажиян ислам Әл Фуркан» қозғалысына біріккен жас мұсылмандар тобының алдында дәріс оқуға хатт арқылы шақыру алдым. Бұл 1979 жылдың 13 мамырында болды. Онда «Иса Мәсіхтің Құдайлығы» талқыланды. Доктор Абунжамин Рохам мен Сени Эрди тарарапынан қарсы пікірлер айтылып отырылды. Студенттер мен дін зерттеушілері болып, 100–ге жуық адам қатысты. Мен тек сұрақтарға ғана жауап бердім. Тыңдаушылар мені жылы қарсы алды. Пікір таласы достық көнілмен аяқталды, сөйтіп біз бәрәміз бір–біріміздің қолымызды қыса тарастық.

Ал 1979 жылдың 22 шілдесінде менімен бірнеше мұсылман жетекшілерінің (Мұсылман дін ғылыминың кеңесінен) арасында пікір таласы жалғасты. Пікір таласы, «Құдіретті Құдай – жалғызба әлде Үшбірліктен тұрады ма?», – деген тақырыпта болды. Он адам сөз сөйледі, сөйлегендер ішінде профессор, доктор Х. М. Расийди, доктор Буньямин Рохан, доктор Тагор, доктор Асмуні болды. Доктор Марманскийах Раҳман тәрағалық етті. Залда 150–ге жуық адам (мұсылман жетекшілері, уағызшылар, зиялыштар) қатысты.

Екі ай өтті, сөйтіп 1979 жылдың 15 тамызында мен Жакартадан тыс Индонезияның көптеген аудандарын, Яваның шығыс және батыс бөліктерін араладым. Қыркүйектің бірінші күнінен бастап, мен миссионерлер тобын басқарып, кейін Менедо, Ужунг Панданг, Танаҳ Торайя, Палопо, Баликапан, Банжармасин және Капуасты араладық.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Құтқарылу әрбір адамның ең басты мақсаты болып табылады. Құтқарылудың әр алуан түрлері бар, мысалы өзінді, өз үйінді, мал–мұлқінді және тағы басқалар. Осында «құтқарылударды» орындау әрбір адамның басты міндеті болып табылады. Шын мәнінде нақ осы оның өміріндегі «бақыт» болады.

Діндар адам үшін «құтқарылу» ұғымы тек оның осы өміріндегі құтқарылуымен ғана шектеліп қоймай, оның рухының күненің әсерінен құтқарылып, бостандық пен Құдай беретін тыныштыққа ие болуды да қамтыды. Сонынан діндар адамның рухани бостандығы оның өміріндегі сүйіспеншілік пен Құдай Патшалығындағы мәңгілік өмірге ие болу мүмкіншілігімен тығыз байланысты.

Адам ата мен Хая ана күнә жасамады деп ойлайық, онда адамдар мәңгілік (жұмақта) өмір сүре беретін еді. Алайда Құдай салған тыымды бұзған Адам ата мен Хая аданың алғашқы күнәсі жасалды. Сол кезде адамзат (Адам ата мен Хая аданың үрпақтары) мәңгілік өмірден қол үзіп, Құдай адамдарға құлдырау мен өлімді басынан кешіретін; рухани және материалдық мүлде басқаша өмірді сүрге рұқсат берді.

Рухани және табиғи өлімге ие осында «күйреушілікке ұшыраған» өмір адамзатқа, біздің күнәкар арғы ата тегіміз – Адам ата мен Хая аданың мұрагері болғандықтан берілген. Ал мұндай өмір Жер бетіндегі барлық адамдарға, оның ішінде, саған да, маған да берілді.

Бірақ қайырымды да, шапағатты Құдай біздің Өзінен бөлініп, нәтижесіз қалуымызды қаламады. Құдай бізге дүниенің жаратылуынан кейінгі Адам ата мен Хая аданың жұмақтағы өмірінен де құнды мәңгілік өмірді үәде етті. Біз құтқарылуымыз үшін үш қадамды танып білуіміз керек.

## БІРІНШІ ҚАДАМ.

Көптеген ғасырлар бойы Құдай әлденеше рет Өзінің пайғамбарлары арқылы біздің Құдайға бас иіп, тәубеге келуімізді, Мұса мен басқа да пайғамбарлардың кітабында жазылған, Өзінің өсietтері мен заңын орындауды парыз етті. (Еврейлерге хат 1:1).

## ЕКІНШІ ҚАДАМ.

Құдай Өзінің Сөзін, өмір Сөзі және Құдайдың жалғыз Ұлы болғанИса Мәсіхте жүзеге асырды. (Еврейлерге хат 1.1, 14 және Жохан жазғаз Ізгі хабар 1:1).

## ҮШІНШІ ҚАДАМ.

Құдай Өз халқын Өзінің Рухы, Киелі Рух арқылы басқарады. Ол біздің арамызда жасап жатқан көпшілік адамдардың өмірінде, олардың Киелі Кітапта жазылған Құдайдың сөзін орындауы үшін, таңқаларлықтай керемет түрде жол көрсетеді. Сонымен Құдай Өзінің қасиетті зандарын орындалап, Оның берген тамаша үәдесіне сенген әрбір адамға мәңгілік өмірді кепілдік етеді.

Біз Құдайдың адамзатқа берген үәдесінің орындалатынына сенуге тиіспіз:

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозақта түспей мәңгілік өмірге ие болады» (Жохан 3:16).

«Кімде–кім сеніп, Құдайдың еркіне сай шомылдырылу рәсімін орындаса сол құтқарылады. Оған сенбеген адамдар сottалады (Марқа 16:16).

Біздің Құтқарушымыз былай деді:

«Бірақ Мен Маған сенгендер шын өмірге ие болсын және өмірі рухани игілікке толы, ағыл–тегіл мол болсын деп келдім».

(Жохан 10:10).

«міне Мен дүниенің ақырына дейін әр күні сендермен бірге боламын! Аумин».

(Матай 28:20)

Ал, міне, Періштепердің Исаңың Елшілеріне айтқаны:

«Галилеялық қайраткерлер! Неге көкке қарап тұрып қалдыңдар? Сендердің алдарында көкке көтеріліп, Құдай қабылдаған Иса көкке қалай көтерілсе, солай қайтып келеді», – деді.

(Елшілердің істері 1:11)

Исаңың Өзі мынандай сөздер айтты:

«Сол кезде Адам Ұлының ұлы даңқпен және күшпен көкке бұлттың үстінде келе жатқанын көреді»  
(Лұқа 21:27)

Иса Мәсіхтің екінші рет келуі тек Киелі Кітарта ғана айтылып қоймай сол сияқты көптеген мұсылмандар да осыны болжайды.

Бұл діндарлар Мұхаммедтің пайғамбарлық кітабынан (33 беттен) алынған хадиғты оқиды. Біз одан әділ Сот ретінде Исаңың екінші рет келуі туралы оқи аламыз.

Құдайдың Өзінің балаларына берген тамаша уәдесі бар:

1. Көктегі мәңгілік өмір. Бұл өмір Адам ата мен Хая аданың дүние жаратылғаннан кейін сүрген өмірінен де даңқты болады. Аспан Патшалығындағы мәңгілік өмірге ие болу үшін әрбір адам Иса Мәсіхке сеніп, Оның сенімді шәкіртіне айналып, қасиетті шомылдырылу рәсімінен өтуі керек.

2. Өмірдің рухани иглікке толы ағыл–тегіл мол болуы – әрбір діндарға көктен келген рухани, табиғи әрі материалды жарылқаушылық болып табылады. Мәсіхтің ізін қуушылар мұқтаждықта болмайды әрі олардың тілектері ағыл–тегіл молынан орындалады.

3. Құдайдың рухы немесе Киелі Рух Мәсіхтің Құдайлышын мойындалап, Оның сенімді ізбасары болған әрбір діндарды, кез–келген жағдайдан, өмірдің ақырына дейін қорғап жүреді.

Осы айтылғандардан кейін, қымбатты оқырман, саған мынаны айтқым келеді:

«Шешімді қазір қабылда! Саған уәде етілген шынайы құтқарылуды қабылдаудың қажет екенін түсіне біл. Сен әрдайым жүргегінде жан тыныштығы мен өмірінде қауіпсіздік пен қуанышқа ие болу үшін Иса Мәсіхті өз жүргегінің өміршісі етіп қабылда. Сонда қымбатты достым, біз Құдаймен мәңгі тату өмір сүреміз.

Осындай мүмкіншілікті аяқ асты етіп жүрме. Ертеңгі күнді де күтіп қалма. Қажетті қадамды бүгін жаса. Өйткені, ертеңгі күнді күтемін деп, кеш қалуың мүмкін. Кінәларыңнан тәубеге келу есіргі жабылып қалуы мүмкін, сонда сен мәңгілік өкініш пен мәңгілік азапты тартып қатал жазалансын. Сен үшін, мәңгілік құтқарылудың есіргі ашылуы үшін, сен шын жүректен Жаратқан Иеге бас иіп, Иса Мәсіхті өзінің өміршің әрі Құтқарушың етіп қабылда.

Құдай мен үшін мәңгілік өмірді қалады

Қымбатты оқырман!

Егер сен осындай ғажап адамның өмір баянын зеін қоя оқып шыққан болсан, онда төмендегі сұрақтарға да жауап бере аласың. Егер сенің жауаптарыңың ішінен 24 жауап дұрыс болса, онда сенің рухани білімінді асыруыңа, Құдайға сенген Оның өсietтерін орындаған діндарлардың өміріне бағыт беретін жолы табуыңа, саған шабыт беру үшін кітаптарымыздың бірін сыйлық ретінде жібереміз.

1. Құранда айтылып өтілген Таурат пен Інжілдің нақ сол Киелі Кітаптағы Таурат пен Інжіл екендігі туралы айтылған Құрандағы өзекті аятты жазып жібер.
2. Таурат пен Інжілдің Құдайдан келген ақиқаттың мәні екендігіне айғақ беретін Құрандағы төрт маңызды аят қандай?
3. Мұса мен Мәсіхтің бірден–бір және ғажайып ұқсастықтары қандай?
4. киелі Заңды қайталап жариялау кітабындағы қандай аяттар Иса Мәсіх туралы жүзеге асқан Құдай сөзі ретінде айғақ береді?
5. Хемрен Эмбри Киелі Кітаптың Құдайдың ақиқи Сөзі екендігін түсінгеннен кейін де Иса Мәсіхті ашық қабылдай алмады. Оның себебі неде?
6. Хемрен Эмбри неліктен Інжіл уағызшыларының дәлелдері мен түсініктемелерімен толық келісе алмады?
7. Кітап авторына өзінің алдында пайда болған үш негізгі кедергіні женудің қалайша сәті түсті?
8. Хемрен Эмбриге бұл кедергілердің женуге Құдай қалай көмектесті?
9. Иса Мәсіхті неліктен Тәнір деп атайды?
10. Кітап авторының Құдайдың жалғыздығына сенімі неліктен ол Мәсіхтің ілімін қабылдағаннан кейін де өзгерmedі?
11. неліктен Мәсіх ілімі Құдайдың жалғыздығы туралы қағиданы қatal сақтайды?
12. Көп Құдайға сиынушылықтың (политеизм) мәні неде?
13. Мәсіх жолын қуушылардың неліктен көп Құдайға сиынушылар деп атайды болмайды?
14. Неліктен Киелі Үшбірлік мұсылмандар түсінігіне кедергі болып табылады?
15. Киелі Үшбірліктің бірлігін мәсізшілер көзқарасы тұрғысынан түсіндіріп бер.
16. Айқыш ағашқа шегеленген Иса Мәсіхтің дәл Өзі екендігін біз қалайша дәлелдей аламыз?
17. Исаңың өлгеннен соң қайта тірілгенін біз қалай дәлелдей аламыз?
18. Енді біздің үстімізден қандай екі өлім үстемдік ете алмайды?
19. Исаңың айқыш ағаштағы құрбандығының мәні сен үшін нені білдіреді?
20. Ишаяның кітабынан мына аяттарды (Ишая 53:4 – 12) 5 рет жазып және оларды есіне сақтауға тырыс .
21. Семсер көтергендерге не болады?

22. Исаның көкке көтерілуі тұрғысында Құранда келіспеушілік бар ма?
23. Иса жерге қайтадан оралған соң не істейді?
24. Киелі Кітаптың бұрмаланғандығына дәлел ретінде Құранның кейбір аяттарына қандай жаңылыс түсініктемелер беріледі.
25. Құранда, Киелі Кітап бұрмаланған немесе оның жолдары түп нұсқамен салыстырғанда айтарлықтай өзгерілген деп анық дәлелдейтін аят бар ма?
26. Егер біз Исаңың ізіне түссек, бізді қандай қыыншылықтар күтеді?
27. Иса Мәсіхті өз Құтқарушысы ретінде қабылдағаннан кейін Хемрен Эмбридің өмірінде және оның үй ішінде қандай өзгерістер болды?
28. Құдайдың Өз балаларына берген уәдесі нені білдіреді?
29. Жохан 3:16 және Елшілердің істері 4:12 аяттарды 5 рет жазып есінде сақтауға тырыс.
30. Тірі Мәсіхтің соңынан еруге сен шешім қабылдадың ба?

*Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңіз,  
әлде сұрақтарыңыз болса,  
бізге мына мекен-жайға жазыңыз:*

050031 Алматы  
п/ж 68  
“ШЫЛҒЫС СӘУЛЕСІ”  
[www.shsaulesi.at.ua](http://www.shsaulesi.at.ua)  
[www.tabisu.kz](http://www.tabisu.kz)